ТҮРКІСТАН ФУТБОЛЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

→2

ИСЛАМ ОЙЫНДАРЫ: ҚАЗАҚСТАН ҮЗДІК БЕСТІККЕ КІРДІ

→3

ТАЛҒАРДЫҢ СПОРТТА АЛАР ӨЗ ҮЛЕСІ БАР

→8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы 1 қаңтардан шыға бастады | Республикалық апталық | qazaqsporty.kz | №33 (5384) 3 қыркүйек 2022 жыл | Газет сенбі күні шығады | kazakh_sporty@mail.ru

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСЫП, VII ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ III СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ДӘСТҮРЛІ ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ. «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» ДЕП АТАЛАТЫН ЖАҢА ЖОЛДАУ «ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ», «НАҚТЫ СЕКТОРДЫ ДАМЫТУ», «ЕЛ БОЛАШАҒЫНА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ», «МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ІСІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ», «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» СЫНДЫ БАҒДАРЛАРДАН ЖӘНЕ ТАҒЫ БІР ТЫҢ САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫ ҚАМТИТЫН ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМНЕН ТҰРАДЫ.
ЖОЛДАУДЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫ 1,4-6-БЕТТЕРДЕ БЕРІЛІП ОТЫР.

Құрметті отандастар!
Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!

Баршаңызды Парламенттің кезекті сессиясының ашылуымен құттықтаймын!

Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс.

Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады.

Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады.

Енді реформалардың нақты бағдарларына тоқталайын.

БІРІНШІ БАҒДАР. ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ.

Біз экономикамызда қордаланған мәселелерді жақсы білеміз. Мысалы, шикізатқа әлі де тәуелдіміз. Еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз. Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырған жоқ.

Әрине, мұның барлығы – күрделі мәселелер. Бірақ оны шешудің нақты жолдары бар.

Атап айтсақ, бұл – макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру. Сондай-ақ шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыру. Сондықтан тың тәсілдер қажет екені сөзсіз.

Экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты еш өзгермейді. Оның мәні – сапалық және инклюзивтік тұрғыдан халықтың әл-ауқатын арттыру.

Жаңа экономикалық бағдарымыздың басты басымдықтары мыналар:

– жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру, яғни мемлекеттік капитализмнен және мемлекеттің экономикаға шектен тыс араласуынан бас тарту;

– бәсекелестікті дамыту, яғни бәріне бірдей мүмкіндік беру;

– сондай-ақ ұлттық табысты әділ бөлу.

Мұның бәрі кезек күттірмейтін бірқатар маңызды міндетті шешуді талап етеді.

Бірінші. Бағаны әкімшілік жолмен реттеу тұтас салалардың инвестициялық тартымдылығын төмендетеді. Сондай-ақ тауар тапшылығын туындатып, елді импортқа тәуелді етеді.

Сондықтан баға белгілеу ісіне мемлекеттің араласуынан біртіндеп бас тарту керек. Бәсекелік ортасы жоқ нарықтар ғана бұрынғыдай қала береді. Монополистердің тарифтері қатаң бақылауда болады. Бірақ бақылау жасау орынсыз қысым көрсету деген сөз емес.

Бүгінде мемлекеттік органдардың, соның ішінде күштік құрылымдардың бизнесті тексеруге жаппай кірісіп, бағалар мен тарифтерді төмендетуді талап етуі жиілеп кетті. Құр дақпырт үшін жасалатын мұндай әрекеттерді доғару керек.

Монополияның табысын шектеу қажеттігі мен инфрақұрылымға инвестиция салуды қамтамасыз ету арасында тепе-теңдікті сақтау маңызды. Елімізде электр қуатымен қамтамасыз ететін желілердің үштен екісінің, жылу коммуникациясының 57 пайызының және су құбыры желісінің жартысына жуығының тозығы жеткен. Осыдан-ақ біраз жайтты аңғаруға болады.

Тарифтерді күшпен ұстап тұрудың ақыры соның бәрін кезекпен өшіруге және түрлі апатты жағдайлар туындауына әкеп соқтырады. Осының салдарынан азаматтардың денсаулығына және өміріне қатер төнеді.

Монополиялы нарықтарда «Тарифті инвестицияға айырбастау» деген жаңа тариф саясатына көшу керек. Желілер мен қуат көздерінің тозу деңгейін кемінде 15 пайызға азайту қажет.

Тариф инфрақұрылымға қаржы салғаны және ашықтықты қамтамасыз етудің мемлекеттік мониторингі жүйесіне қатысқаны үшін беріледі. Меншік иесі инвестицияның айтарлықтай бөлігін тарифтің емес, өз қаржысының есебінен салуға тиіс.

Инновация енгізу үшін тиімді ынталандыру шараларын әзірлеген жөн. Сондай-ақ шығыстың бір бөлігін тарифтік сметаның аясында қайта бөлуге және табыстың белгілі бір бөлігін сақтап қалуға рұқсат беру керек.

→4-5-6

ЖӘНІБЕК – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!

ЖАҚЫНДА ҒАНА ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БОКС ҰЙЫМЫ (WBO) ОРТА САЛМАҚТА КҮШ СЫНАСАТЫН ТАНЫМАЛ КӘСІПҚОЙ БОКСШЫ ЖӘНІБЕК ӘЛІМХАНҰЛЫНЫҢ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНҒАНЫ ЖАЙЫНДА РЕСМИ ТҮРДЕ МӘЛІМДЕДІ. БҰЛ ЖАҢАЛЫҚТЫ ЖАНКҮЙЕРЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ ҚУАНА ҚАБЫЛДАДЫ. РАСЫНДА ДА, ҚАНДАСЫМЫЗДЫҢ ОЛ АТАҚҚА ӘБДЕН ЛАЙЫҚ ЕКЕНІ ЕШ КҮМӘН ТУҒЫЗБАСА КЕРЕК. ОСЫЛАЙША, ЖӘНІБЕКТІҢ ЕСІМІ ҚАЗАҚСТАННАН ШЫҚҚАН БЕСІНШІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ РЕТІНДЕ ТАРИХТА ҚАЛДЫ.

Осы қуанышты ақжолтай хабардан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев бокстан WBO тұжырымы бойынша әлем чемпионы атанған Жәнібек Әлімханұлын құттықтады.

→2

МАРИЯ ТОП ЖАРДЫ!

КЕШЕ МАЖАРСТАННЫҢ СЕГЕД ҚАЛАСЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА 1000 МЕТР ҚАШЫҚТЫҚТА БАТЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚ МАРИЯ БРОВКОВА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДА КАНОЭДАН 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ҚЫЗДАР АРАСЫНДА ТҰҢҒЫШ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ.

Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Қаймен Есендияровтың айтуынша, ол Марияның анасы әрі жеке бапкері Елена Бровковаға телефон соғып, қызының жетістігі үшін арнайы құттықтап және бүгін қатысатын 500 метр және 5000 метр қашықтықтардағы сайысына сәттілік тілеген.

БАСПАСӨЗ-2022

Мырзағали АЙТЖАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

*Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, **«Қазақ спорты»** газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.*

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

*«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – **64190,** кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190.***

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»

Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
		464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл

«Эврика пресс»

64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	

«Еуразия пресс»

64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	

«Бектұрғанов»

64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

ЖӘНІБЕК – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!



← 1

Президент әлемдік деңгейде шаршы алаң шебері атанған боксшыларымыз аз емес екенін, Қазақстан бокс мектебінің абыройын асқақтатуға Жәнібек Әлімханұлының да зор үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

«Қажырлы еңбегіңіз бен мұқалмас ерік-жігеріңіздің арқасында қазақтың бокс стилінің үстемдігін тағы бір рет паш еттіңіз. Бұл айтулы жетістігіңіз жас өрендеріміздің спортқа, әсіресе боксқа деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Үлкен спорттағы әр қадамыңыз – олар үшін үлгі-өнеге. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, спортта толағай табыс тілеймін!» деп жазылған Мемлекет басшысының құттықтау жеделхатында.

Енді Жәнібек Әлімханұлына көп еңбектене беру керек. Себебі, қарсыластары алдағы уақытта жекпе-жекке шақырып, тыным бермейтіні анық. WBO нұсқасы бойынша толыққұқылы әлем чемпионы атанғаны кеше ғана еді, соған қарамастан қазірдің өзінде оның иелігіндегі алтын белбеу үшін таласуға ниет білдіріп жатқан жуан жұдырықты жігіттердің қарасы көбейе түсуде. Солардың арасында бразилиялық Эскива Фалькао да бар.

32 жастағы Витория қаласының тумасы әуесқой рингте де елеулі табыстарға қол жеткізді. Ол 2011 жылы Бакуде өткен әлем чемпионатында қола медаль иеленсе, 2012 жылы Лондонда алауы тұтанған Олимпия ойындарында күміске қол созды. Эскива алғашында 81 келі салмақ дәрежесінде сайысқа түссе, одан кейін 75 келіге ауысты. Қап тауының бөктерінде Бразилияның беткеұстары біздің Данабек Сужановты сан соқтырғаны да есімізде. Бір қызығы, жоғарыда аталған жарыстың екеуінде де Фалькао осыдан бірер ай бұрын ғана біздің Геннадий Головкиннен таяқ жеген Жапонияның жұлдызы Рета Муратаға есе жіберді.

Оңтүстік Американың оғланы 2014 жылдан бері кәсіпқойлар арасында күш сынасып жүр. Сол аралықта бірде-бір рет жеңілген емес. 28 қарсыласының 20-сын нокаутқа жіберді. Міне, дәл сол саңлақ күні кеше ғана Жәнібек Әлімханұлын жекпе-жекке шақырды. Қазақтың қайсар ұлының да жауабы көп күттірген жоқ. Ол: «Менімен айқасқың келсе, әуелі чемпиондық белбеудің бірін иелен. Содан кейін ғана сөйлесеміз. Сені сыйлаймын, бірақ ешқандай атақ-даңқы жоқ боксшымен жұдырықтасу мені еш қызықтырмайды. Дәл қазір маған керегі – Чарло мен «Канело», деп батыл мәлімдеме жасады.

Жуық арада мексикалық Сауль Альварестің Жәнібекпен жекпе-жекке шыға қоюы екіталай. Өйткені бұл күндері «Канело» 17 қыркүйекте Лас-Вегаста Қазақстанның ең белді боксшысы Геннадий Головкинмен болатын айқасқа қызу даярлануда. Сол кездесуден кейін оның біраз уақыт бойы тынығатыны анық. Ал бұл күндері WBC нұсқасы бойынша чемпиондық белбеуді иеленіп отырған Джермалл Чарло келісуі әбден мүмкін. Ал ол жайында біз не білеміз?

Джермалл 32 жаста. Ол 1990 жылдың 19 мамырында АҚШ-тың Техас штатына қарасты Ричмонд қаласында дүниеге келді. 18 жасында кәсіпқой боксқа ауысқан дарынды жігіт 2008 жылдың күзінде өзінің алғашқы жекпе-жегін өткізді. Сол кезден бері 32 мәрте шаршы алаңға көтеріліп, барлық бәсекеде жеңіске жетті. 22 қарсыласын нокаутқа жіберді. Чарлодан таяқ жегендер арасында Уго Сентено, Антуан Смит, Ленни Боттай, Корнелиус Бандрейдж, Остин Траут, Джулиан Уильямс, Матвей Коробов, Деннис Хоган, Сергей Деревянченко және тағы басқа танымал былғары қолғап шеберлері бар. Соңғы рет Чарло үстіміздегі жылдың 18 маусымында польшалық Мацей Сулейцкиді сан соқтырды. Кезінде ол бірінші орта салмақта IBF нұсқасының теңдессізі деп те танылған еді.

Джермаллдың егізі Джермелл Чарлоның да мықты боксшы екенін жанкүйер жақсы біледі. 15 жасында Жасөспірімдердің дүниежүзілік олимпиадасында қола медаль иеленген ол 2007 жылдың аяғында кәсіпқой рингтегі тұсаукесер кездесуін өткізді. Сол 15 жыл аралығында 37 рет шаршы алаңға көтеріліп, 35 рет жеңіс тойын тойлады. 19 қарсыласын есінен тандырды. Iron Man («Темір адам») деген жанама есімді иеленген Джермелл тек бір рет қана жеңілістің кермек дәмін татты. 2018 жылдың желтоқсан айында өзінің отандасы Тони Харрисонға ұпай санымен есе жіберсе, былтыр жазда аргентиналық Брайан Кастаньомен тең түсті. Қазіргі кезде АҚШ боксшысы бірінші орта салмақта абсолютті әлем чемпионы атанып отыр. Егер де Джермеллдің салмағы сәл ауырласа, келешекте ол Әлімханұлына қарсылас атануы да әбден мүмкін.

Қазіргі кезде «Жәнібек Әлімханұлы өз атағын қай кезде қорғайды?» деген сауал көпшілікті қызықтыруда. Ол жағын дәл бүгін ешкім дөп басып айта алмайды. Десек те кейбір дерек көздеріне сүйенсек, қандасымыз қараша айында чемпиондық белбеуін қорғау үшін жекпе-жекке шығуы бек мүмкін. Оның қарсыластары ретінде жоғарыда біз сөз еткен Эскива Фалькаодан бөлек, мексикалық Хайме Мунгия мен ұлыбританиялық Крис Юбэнктің де есімдері аталуда. Бұл боксшылардың үшеуі де әлемдік рейтингте алғашқы үштіктің қатарында. Мәселен, келесі айда 26 жасқа толғалы отырған Мунгия осы күнге дейін адам баласынан жеңілген емес. Ол 40 бәсекенің 32-сін мерзімінен бұрын аяқтады. 33 жастағы Юбенк 34 кездесудің тек екеуінде ғана ұтылды. 23 айқаста айқын басымдық танытты. Осылардың қайсысымен жолықса да, қазақтың ұлы намысты қолдан бермейтіні анық. Сол себепті де біз алдағы уақытта Жәнібектің жарқын жеңістеріне талай мәрте куә боламыз-ау деп үміттенеміз.

ТҮРКІСТАН ФУТБОЛЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫС БОЛЫП ҚҰРЫЛҒАН 4 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ӨҢІРДЕ ӘРТҮРЛІ САЛАҒА ҚАРЖЫ БӨЛІНІП ЖАТҚАНЫ БЕЛГІЛІ. СОНЫҢ ІШІНДЕ СПОРТ ТА БАР. ЖАҚЫНДА АТАЛҒАН ОБЛЫСҚА ҚАРАСТЫ «ТҰРАН» ФУТБОЛ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ 19 ЖАСҚА ДЕЙІН ФУТБОЛШЫЛАРЫ ӨЗ ҚҰРДАСТАРЫ АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ.

Мұны неге ерекшелеп айтып отырмыз? Оның өзіндік себебі бар. Өйткені чемпион команда Қазақстан атынан жастар арасындағы УЕФА Чемпиондар лигасына қатысады. Әлемнің үздік командаларының жастар құрамымен шеберлік байқасады. Бір кездері Қазақстанға Еуропадағы алдыңғы қатарлы академия саналатын «Бенфика», «Атлетико Мадрид», «Галатасарай» командалары да келген.

Енді осындай мықтылардың бірімен жасыл алаңда жолығу Түркістанның «Тұран» командасына да бұйырып тұр.

Бұған дейін Қазақстан намысын тек «Астана» мен «Қайраттың» жастары қорғаған.

«Астана» – 2015/16 жылдары

«Қайрат» – 2016/17

«Қайрат» – 2017/18

«Астана» – 2018/19

«Астана» – 2019/20

«Қайрат» – 2020/21

«Қайрат» – 2021/22.

Айтпақшы, «Тұран» академиясының құрылғанына көп бола қойған жоқ. Баржоғы бір жыл. Аз уақыттың ішінде команда толағай табысқа жетіп отыр. 19 жасқа жастар құрамасында 2004-2005 жылдары туған балалар ойнаса, 2006 және 2007 жылдардағы тәрбиеленушілері де екінші жастар лигасында үздік шықты. Одан бөлек 2008 және 2009 жылғы командалары үшінші және екінші орынға тұрақтады. Тек 2010 жылғы команда ғана жүлде ала алмай, жетінші орынға жайғасты.

«Тұран» жастар академиясына Қазақстанға жақсы таныс, черногориялық маман Сава Ковачевич жетекшілік етеді. Ол бұған дейін Ақтауда жұмыс істеген. Әуелі «Каспий» клубын араға 19 жыл салып премьер-лигаға шығарса, кейін сол жақтың академиясының тізгінін ұстады.

Ол отандық басылымдардың біріне берген сұхбатында чемпион атанған құраммен қаңтардан бері жұмыс істеп жатқандарын айтты. Академияға ойыншыларды Шымкент пен Түркістанда іріктеген. Халқы тығыз орналасқан облыстан таланттарды табу «Тұран» академиясының басшылығына қиындық тудырмаған тәрізді. Тіпті көкпар ойнап жүрген баланың өзі командаға қабылданыпты.

– Бізде 2006 жылы дүниеге келген Ерасыл Серсербай деген ойыншы бар. Оның әкесі мен ағалары көкпаршы. Ерасыл 400 адамның ішінен іріктеліп өтті. Ол ақпан айына дейін әуесқой деңгейде ғана доп теуіп жүрген. Енді өзінен екі жас үлкендермен бірге өнер көрсетіп жүр. Үздік сұрмерген атанып та үлгерді. Чемпиондыққа да қол жеткізді, – дейді Сава Ковачевич.

Ал балаларды Ғалымжан Есенбаев жаттықтырады. 48 жастағы маман бір кездері «Ордабасының» қосалқы құрамын жаттықтырған. Қазір «Тұран» академиясында жүр. Ол орталыққа Бекзат Саттарханов атындағы облыстық спорт мектеп-интернатының 10-11 сынып оқушыларының барлығын жинадық дейді.

Демек академия ашып, білікті мамандарды жинап, жан-жақтағы таланаттарды іріктеп, басын қосса, нәтиже көрсетуге болары сөзсіз. «Тұран» академиясының жұмысы орта жолда қалмай, қазақ футболына жаңа таланттарды қоса береді деп үміттенеміз.

Бек ТӨЛЕУ

ЖАЗУШЫҒА АРНАЛҒАН ТУРНИР

МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ ӨСКЕМЕНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ, МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ИЕГЕРІ, ЖАЗУШЫ, КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТІ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН БИЛЬЯРДТАН ТУРНИР ӨТТІ. ОҒАН СПОРТТЫҢ ОСЫ ТҮРІН ҰНАТАТЫН 32 ҮМІТКЕР ҚАТЫСТЫ.

Жарыс Мәскеу пирамидасы бойынша өтті. Өмірден озғанына бір жарым жыл өткен талантты жазушыны еске алуға арналған турнирді өткізуге мұрындық болған – Қазақстан Республикасы бильярд спорты федерациясының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры Серік Ақтанов.

Реті келгенде айта кету керек, аталмыш федерация Қазақстан Республикасы бильярд спорты федерациясының президенті Аңсары Қаранеевтің ұсынысымен 2008 жылы құрылған. Бұл азаматтың елімізде бильярд спортының жандануына ерекше үлес қосты. Осы уақытта Азияның ашық чемпионатын федерацияның Павлодар облыстық филиалының директоры Ансар Қабиевпен бірлесіп Серік Ақтанов ұйымдастырды. Семейде Қазақстан чемпионаты, «Нұрлы жол» турнирі, ондаған дүбірлі жарыс, өңірдің атақты адамдарын еске алуға турнирлер жыл сайын өтіп тұрды. Осылайша бильярд спортының бұқаралық сипат алуы нақты көрініс тауып отыр.

Жазушыны еске алуға арналған турнирге спорт жанкүйерлері қызығушылық танытып, көптеп жиналды. Ең алдымен федерация басшысы Серік Қасымбекұлы сөз алып, Қабдеш аға туралы естелік айтты.

– Осыдан үш жыл бұрын Зайсанда Баймұрат батырға ескерткіш ашылғанда жазушы ағамыз ерекше қуанып, аудан тұрғындарын құттықтаған болатын. Алдағы уақытта турнирді республикалық деңгейге көтеру ойда бар. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел азаматтарының бос уақытын мәнді өткізіп, денсаулықтарының мықты болуы үшін бұқаралық спортпен тұрақты шұғылдануына назар аудару қажеттігін айтқаны белгілі. Бильярд спорты адамдардың тез шешім қабылдап, ми қабілетін арттыруына ықпал жасайды. Қазіргі кезде бильярд спортымен өңірде мыңға жуық адам шұғылданады, – деді федерация басшысы.

Ал Алматыдан ат терлетіп келген Қабдеш ағаның жақын досы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор Ұлықпан Сыдықов турнирді өткізуге мұрындық болған федерация басшысына, ел азаматтарына алғыс айтып, алдағы уақытта миллиондар ұнататын спорт түрінің ауқымы кеңейетініне сенім білдірді.

– Қабаң бильярдты ерекше ұнататын. Жарысқа мұқият әзірленетін. Жазушылар бильярд десе, ішкен асын жерге қоятын белгілі. Бірде Жазушылар одағына қарасты «Шығармашылық үйіне» бара қалады. Бірінші қабатта бильярд ойнап жатқан жазушыларға қосыла кетеді. Ұлы жазушы Ғабит Мүсірепов Қабдештің оңай шарды сала алмағанына наразы болып, «Түсіп тұрған шарды сала алмағаның не? Романды қалай жазар едің, ә», деп әзілдепті. Енді, міне, Серік ініміздің бастамасымен Қабдеш ағаға арналып дүбірлі жарыс өтіп жатыр. Болашақта оның деңгейі артып, республикалық, халықаралық дәреже мәртебесін алса, құба-құп, – деді Ұлықпан Есілханұлы.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, «Әдебиет» баспасының директоры Ғалым Қалибекұлы жазушы туралы естеліктерімен бөлісті.

– Мен Қабаңмен жақын араластым, сегіз кітабына редактор болдым. Елі мен жерінің тағдырына алаңдаушылық білдіріп, болашақ ұрпақтың қамын күйттеген ондаған шығармасы соған дәлел. Қабдеш аға арамызда, ол кісінің шығармалары халықтың жадында, – деді Алматыдан арнайы келген Ғалым Қалибекұлы.

«Құрмет» орденінің иегері, қоғам қайраткері Түсіпхан Түсіпбеков облыс әкімінің орынбасары қызметінде жүргенде Қабдеш ағасымен бірнеше рет кездескенін, ақыл-кеңесін тыңдағанын, бүгінгі турнирдің жас ұрпаққа үлгі-өнеге екеніне тоқталды. Алматыдан келген қонақтарға ескерткіш сыйлықтар тапсырылды.

Жазушыға арналған турнир он сағатқа созылды. Уақыттың қалай өткенін білмей де қалдық. Арасында жиналғандар Қабаң туралы естеліктер айтты. Ән айтылды, өлең оқылды.

Хош, сонымен, тұңғыш рет өткізілген турнир қорытындысында Жанболат Сейітқазин жеңімпаз атанды. Оған федерация президенті Серік Қасымбекұлы арнайы диплом мен Алғыс хатты тапсырды. Екінші орынға – Рүстем Қыдырбаев, екі үшінші орынға Ринат Алимов пен Владислав Цой ие болды. Олар да дипломмен марапатталды. Түсіпхан Түсіпбеков «Жеңіске жігері үшін», ал Қайрат Әділбеков «Әдіскерліктің жоғары деңгейі үшін» белгісімен аталып өтті.

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
«Қазақ спорты» газетінің
Шығыс Қазақстан облысындағы
меншікті тілшісі

ИСЛАМ ОЙЫНДАРЫ: ҚАЗАҚСТАН ҮЗДІК БЕСТІККЕ КІРДІ

ТАМЫЗДЫҢ 9-18 АРАЛЫҒЫНДА ТҮРКИЯНЫҢ КОНЬЯ ҚАЛАСЫНДА БЕСІНШІ ИСЛАМ ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ. ӘЛЕМНІҢ 55 ЕЛІНІҢ СПОРТШЫЛАРЫ ҚАТЫСҚАН ДҮБІРЛІ ЖАРЫСТА ТҮРКИЯ СПОРТШЫЛАРЫ АЛДАРЫНА ЖАН САЛМАДЫ. БҮКІЛ МҰСЫЛМАН ЕЛДЕРІНІҢ БАСЫ ҚОСЫЛҒАН АЛАМАН БӘЙГЕДЕ ТҮРІКТЕР 145 АЛТЫН, 107 КҮМІС, 89 ҚОЛА МЕДАЛЬҒА ИЕ БОЛДЫ. ЕКІНШІ ОРЫН ӨЗБЕК СПОРТШЫЛАРЫНА БҰЙЫРДЫ. «АЛА ТАҚИЯЛЫ» КӨРШІЛЕРІМІЗДІҢ ҚОРЖЫНЫНА 51 АЛТЫН, 42 КҮМІС, 65 ҚОЛА МЕДАЛЬ ТҮСТІ. ҮЗДІК ҮШТІКТІ ИРАНДЫҚТАР ТҮЙІНДЕДІ. ОЛАРДЫҢ ЕНШІСІНДЕ 39 АЛТЫН, 44 КҮМІС, 50 ҚОЛА МЕДАЛЬ БАР.

Өзбекстан спортшылары бізден тағы озды. Рио де Жанейро және Токио олимпиадасында қазақтарға қара көрсетпей кеткен өзбектің қыз-жігіттері Түркияға тас-түйін дайын барыпты. Дегенмен, бір нәрсені ескеруіміз керек. Өзбекстан Ислам ойындарына бізден екі есе көп спортшы апарды. Сонымен қатар, жарысқа біздегідей аралас құрамды емес, нағыз тісқаққан тәжірибелі спортшыларын қосты. Командалық есепте Түркиядан кейінгі екінші орын алуының сыры осында жатса керек.

Қазақстан бұл сынға спорттың 16 түрінен 125 спортшы апарып, 27 алтын, 23 күміс, 39 қола медаль жеңіп алды. Сөйтіп, командалық есепте Түркия, Өзбекстан, Иран және Әзербайжан спортшыларынан кейінгі орынға жайғасты.

* * *

Қазақстан спортшылары қатысқан 16 спорттың ішінде тек велотректің қыз-жігіттері ғана командалық есепте бірінші орынға ие болды. Жүзу мен кикбокс бойынша түріктер дес бермеді. Қазақстандықтар аталған спорт түрлері бойынша жарыс қожайындарынан кейінгі екінші орынға ие болды. Каратэ, спорттық гимнастика және көркем гимнастика шеберлері үздік үштіктен табылды.

* * *

Рината Султанова үшін биылғы жыл табысты болды. Сәуір айында велошосседен тұңғыш рет Азия чемпионы атанған павлодарлық бойжеткен осы Ойындарда велотректен де, велошосседен де медаль алып, мерейімізді асырды. Рината Ислам ойындарында бір өзі 3 алтын, 1 қола медаль жеңіп алды. Сонымен қатар, тұғыр биігіне Әлішер Жұмахан мен Артем Захаров та көтерілді. Осылайша, велотрек командасы 5 алтын, 1 күміс, 3 қола медальмен командалық есепте топ жарды.

Велотректен командалық есеп

№	Мемлекет	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	Қазақстан	5	1	3	9
2	БАӘ	2	1	1	4
3	Өзбекстан	1	2	3	6
4	Иран	0	2	0	2
5	Малайзия	0	1	1	2
6	Индонезия	0	1	0	1

* * *

Қазақстан кикбоксшылары Ислам ойындарында 4 алтын, 1 күміс, 3 қола медальмен командалық есепте екінші алды. Түркия бұл сында дара шықты. Сарапқа салынған 31 медаль жиынтығының 18-інде

түріктер басым болды. Жалпы Ойындар кезінде 14 елдің спортшылары медаль алғанын ескерсек, бәсекелестіктің өте жоғары болғанын аңғаруға болады.

Кикбокстан командалық есеп

№	Мемлекет	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	Түркия	18	5	4	27
2	Қазақстан	4	1	3	8
3	Әзербайжан	3	5	7	15
4	Марокко	3	4	9	16
5	Өзбекстан	2	7	12	21
6	Түрікменстан	1	2	3	6
7	Иордания	0	3	3	6
8	Кувейт	0	2	0	2
9	Алжир	0	1	9	10
10	Қырғызстан	0	1	2	3
11	Индонезия	0	0	2	2
12	Камерун	0	0	1	1
	Палестина	0	0	1	1
	Йемен	0	0	1	1

* * *

Ислам ойындарында ең көп алтын медаль алған спорттың бірі – ауыр атлетика. Қазақстан құрамасы бұл жарыста бұрын-соңды болмаған көрсеткішке ие болды. Дегенмен, бір жайтты айта кеткен жөн. Ұйымдастырушылар жарыс жеңімпазын әдеттегідей екі жаттығудың қорытындысына қарап емес, әр жаттығу бойынша анықтады. Команданың көшбасшысы Зүлфия Чиншанло құрама қоржынына үш бірдей алтын (жұлқи көтеру, серпе көтеру, қоссайыс) медаль салды. Жалпы, ауыр атлеттеріміздің алған жүлдесі – 26. Өзбекстан алтын медаль жағынан басқалардан оқ бойы озық болғандықтан, командалық есепте бірінші орынға ие болды. Қазақстан – бесінші орында. Индонезия, Түркия, Иран елдері біздің алдымызға түсті.

ҚОРЫТЫНДЫ КЕСТЕ

№	Мемлекет	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	Түркия	145	107	89	341
2	Өзбекстан	51	42	65	158
3	Иран	39	44	50	133
4	Әзербайжан	29	36	34	99
5	Қазақстан	27	23	39	89
6	Марокко	15	13	34	62
7	Индонезия	13	14	29	56
8	Бахрейн	9	7	7	23
9	Қырғызстан	8	8	15	31
10	Алжир	7	12	23	42
11	Кувейт	5	9	2	16
12	Түрікменстан	4	6	13	23
13	Қатар	4	3	5	12
14	БАӘ	3	2	5	10
15	Сауд Арабиясы	2	12	10	24
16	Камерун	2	6	5	13
17	Уганда	2	5	2	9
18	Иордания	2	4	6	12
19	Малайзия	2	1	4	7
20	Гамбия	2	0	0	2

Ислам ойындарында барлығы 44 елдің спортшылары медаль алды

Ауыр атлетикадан командалық есеп

№	Мемлекет	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	Өзбекстан	15	3	6	24
2	Индонезия	12	7	10	29
3	Түркия	11	11	6	28
4	Иран	9	6	12	27
5	Қазақстан	8	15	3	26
6	Түрікменстан	3	4	6	13
7	Сауд Арабиясы	1	6	4	11
8	Камерун	1	3	1	5
9	Нигерия	0	2	1	3
10	Қырғызстан	0	1	7	8
11	Әзербайжан	0	1	3	4
12	Оман	0	1	0	1
13	Ливан	0	0	1	1

* * *

2005 жылғы Ислам ойындарында су бетінен медаль «сүзген» спортшыларымыз 13 алтын медаль алып, айды аспанға шығарған еді. Бұл жолы спортшыларымыздан ондай қарқын байқалмады. Түркия құрамасы 40 алтын медальдың 29-ын өздерінде қалдырды. Қазақстан 4 бағдарламада жеңіс тұғырына көтерілді. Команда көшбасшысы Әділбек Мусиннің еншісінде екі алтын медаль болса, Аделаида Пчелинцева мен София Абубакирова бір-бір алтын медальдан алды. Қазақстан Түркиядан кейінгі екінші сатыға орналасты.

Жүзуден командалық есеп

№	Мемлекет	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	Түркия	29	26	11	66
2	Қазақстан	4	1	7	12
3	Өзбекстан	2	5	5	12
4	Алжир	2	1	0	3
5	Әзірбайжан	1	1	1	3
6	Кувейт	1	1	0	2
7	Қырғызстан	1	0	2	3
8	Индонезия	0	2	12	14
9	Судан	0	1	1	2
10	Камерун	0	1	0	1
	Уганда	0	1	0	1
12	Иран	0	0	1	1

Түркия жерінде таеквондо, еркін күрес, грек-рим күресі, жеңіл атлетика, дзюдо сияқты спорт түрлері сенімді ақтамады. Әсіресе, жеңіл атлеттердің өнеріне көңіліміз толмады. Тек, 400 метрге жүгіруде Михаил Литвиннің жаңартқан жеке рекорды көңілге медеу. Егер Литвин келесі жылы да дәл осындай нәтижесін қайталап жатса, жазғы Азия ойындарында жеңімпаз атануға толық мүмкіндігі бар. Дмитрий Карпов баптайтын жеңіл атлеттеріміз жарыс қорытындысы бойынша 1 алтын, 1 қола медальмен командалық есепте 12-орыннан көрінді. Грек-рим күресі (1 қола) мен еркін күрес (3 қола) шеберлері командалық есепте 7-орынға табан тіреді. Ерлерге қарағанда бойжеткен балуандарымыздың нәтижесі жақсы болды. Олар 1 алтын, 1 күміс, 3 қола медальмен 4-орынға тұрақтады.

ИСЛАМ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

ЖЕҢІМПАЗДАР

Әлішер Жұмахан (велотрек, 4 км, жекелей сайыс), Артем Захаров (велотрек, омниум), Рината Сұлтанова (велотрек, 3 – із кесу, 10 км, ұпаймен, омниум), Михаил Литвин (400 м), Әділбек Мусин (жүзу, 2 – 100 м, баттерфляй, 50 м, баттерфляй), Аделаида Пчелинцева (жүзу, 50 м, баттерфляй), София Абубакирова (жүзу, 50 м, баттерфляй), Арли Чонтей (ауыр атлетика, 55 кг, 2 – серпи, қоссайыс), Зүлфия Чиншанло (ауыр атлетика, 59 кг, 3 – жұлқи,серпи, қоссайыс), Айзада Мүптилда (ауыр атлетика, +87 кг, 3 – жұлқи,серпи, қоссайыс), Елена Шалыгина (әйелдер күресі, 65 кг), Әлжана Таниева (көркем гимнастика, доп), Аида Бауыржанова (спорттық гимнастика, еркін жаттығу), Қайсар Алпысбай (каратэ, 60 кг), Софья Берульцева (каратэ, +68 кг), Берік Ысқақов (кикбокс, 63,5 кг), Нұрсұлтан Жұмабаев (кикбокс, 51 кг), Әлихан Оздоев (кикбокс, 67 кг), Мақсат Үсіп (кикбокс, 71 кг);

КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРЛЕР

Дмитрий Носков (велотрек, 4 км, із кесу), Аиша Омарова (ауыр атлетика, 81 кг, 2 – серпи, қоссайыс), Алексей Чуркин (ауыр атлетика, 73 кг, 3 – жұлқи, серпи, қоссайыс), Арай Нұрлыбекова (ауыр атлетика, 76 кг, 3 – жұлқи, серпи, қоссайыс), Любовь Ковальчук (ауыр атлетика, +87 кг, 3 – жұлқи, серпи, қоссайыс), Артем Антропов (ауыр атлетика, 102 кг, 2 – серпи, қоссайыс), Арли Чонтей (ауыр атлетика, 55 кг, жұлқи), Дмитрий Патанин (спорттық гимнастика, еркін жаттығу), Нариман Құрбанов (спорттық гимнастика, ат), Милад Карими (спорттық гимнастика, керме), Аида Бауыржанова (спорттық гимнастика, бөрене), Мадина Бақбергенова (әйелдер күресі, 68 кг), Ксения Игнатова, Аделаида Пчелинцева, Даниела Дю, София Абубакирова (жүзу, эстафета, 4х100 м), Руслан Степанов (кикбокс, 81 кг), Бектай Асылжан (ауыр атлетика, жұлқи);

ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРЛЕР

Бектай Асылжан (ауыр атлетика, 89 кг, қоссайыс), Рината Сұлтанова (велошосе, жекелей сайыс), Әлішер Жұмахан (велотрек, 15 км, ұпаймен), Марина Кузьмина (велотрек, 3 км, із кесу), Светлана Пащенко (велотрек, топтық сайыс), Кристина Овчинникова (биіктікке секіру), Нариман Құрбанова, Милад Карими, Дмитрий Патанин (спорттық гимнастика, команда), Аида Бауыржанова (спорттық гимнастика, қоссырық), Денис Желудов (үстел теннисі), Жасурбек Қылышов (таеквондо, 54 кг), Жансель Дениз (таеквондо, 73 кг), Байыржан Хасенов (таеквондо, 87 кг), Рахат Қалжан (еркін күрес, 57 кг), Адлан Асқаров (еркін күрес, 65 кг), Мамед Ибрагимов (еркін күрес, 97 кг), Эллада Махддинова (әйелдер күресі, 53 кг), Ирина Кузнецова (әйелдер күресі, 62 кг), Жәмила Бақбергенова (әйелдер күресі, 72 кг), Аманғали Бекболатов (грек-рим күресі, 55 кг), Қанат Сейілхан (дзюдо, 60 кг), Әсел Қанай (каратэ, 61 кг), Батырхан Қуандықов (кикбокс, 63,5 кг), Нұрдәулет Қалшора (кикбокс, 57 кг), Шара Хамзина (кикбокс, 60 кг), Өтепберген Әлиев (ауыр атлетика, 61 кг), Аида Бауыржанова, Аяжан Шамшитдинова (спорттық гимнастика, көпсайыс), Әлжана Таниева, Айбота Ертайқызы (көркем гимнастика, команда), Сағина Мұратқызы, Айсұлу Мырзағалиева, Әсел Шүкірбай, Айдана Шаяхметова, Рената Жолдинова, Аружан Қасенова (көркем гимнастика, 2 – бес шеңбер, топтық жарыс), Әлжана Таниева (көркем гимнастика, 2- шеңбер, таспа), Ксения Игнатова (жүзу, 3 – 50 м, 100 м, 200 м, шалқалай), Даниела Дю (жүзу, 100 м, еркін), Аделаида Пчелинцева (жүзу, 100 м брасс), Ксения Игнатова, Аделаида Пчелинцева, София Аьбубакирова, Даниела Дю (жүзу, эстафета, 4х100 м, еркін), Егор Попов, Айбек Қамзенов, Әділбек Мусин, Александр Варакин (жүзу, эстафета, 4х100 м).

Еділе ОРАЗ

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ

←1

Тарифтерді тоғыспалы субсидиялаудан, яғни бір тұтынушылар үшін бағаны ұстап тұру мақсатымен басқалар үшін бағаны көтеру тәсілінен біртіндеп бас тарту қажет.

Екінші. Экономиканы одан әрі монополиясыздандыру үшін нақты институционалдық шешімдер қабылдау қажет.

«Конгломерат» ұғымын заң жүзінде айқындап алған жөн.

Нарықтың өзара байланысты субъектілері экономикалық әлеуетін бір жерге шоғырландыру үшін рұқсат алуға міндетті. Олардың барлық мәмілесін, соның ішінде нарыққа тән емес бағаларды қолдану белгілері бойынша жасалған келісімдерін де мұқият тексеру керек.

Бірыңғай операторлардың қызметі нарықтық экономиканы дамытуға кері әсер етеді. Сондықтан бұл институтты ретке келтірген жөн. Қазір жұмыс істеп тұрған операторларды бәсекелі ортаға беру қажет немесе монополист деп танып, қызметін монополияға қарсы арнаулы құқық аясында реттеу керек.

Үшінші. Экономиканың тұрақты өсуі салық саясатының түсінікті және болжауға болатындай етіп жүргізілуіне тікелей байланысты.

Фискалды реттеу ісін қайта жаңғырту үшін 2023 жылы жаңа Салық кодексі әзірленеді. Оның ең түйткілді тұсы саналатын салықтық әкімшілендіру мәселесі түгел қайта жазылуға тиіс.

Сондай-ақ жұмыс барысында бетпе-бет кездесу мүлдем болмайтындай етіп, салықтық бақылау қызметін толық цифрландыру керек.

Тағы бір басымдық – салықтық ынталандыру шараларының тиімділігін арттыру. Ол үшін экономиканың түрлі саласында дифференциалды салық мөлшерлемесіне көшкен жөн. Пайданың технологиялық жаңғыруға және ғылыми әзірлемелерге жұмсалған бөлігіне салынатын корпоративті табыс салығын төмендету немесе одан босату тәсілін енгізу керек.

Салық төлеушілердің салықтан жалтаруға құмарлығын азайту үшін арнайы салық режімдерін жеңілдету керек.

Салық жүктемесін төмендету мақсатында ұйымдарды әдейі бөлшектеуге жол бермеу мәселесі жаңа кодексте қарастырылуы қажет. Сауда-саттық заман талабына сай дамуы үшін мөлшерлемесі ойға қонымды әрі рәсімдері қарапайым бөлшек сауда салығын қолдану аясын кеңейту керек.

Салық реформасы аясында «сән-салтанатқа салық» салуды енгізген жөн. Мұның орта тапқа қатысы жоқ, бұл салық тек аса қымбат жылжымайтын мүлік және автокөлік сатып алған кезде салынады. Автокөлік сатып алу кезінде төленетін алым-салық мәселесіне жеке тоқталайын. Кейбір жақын шетелдерден әкелінген автокөліктерге қатысты түйткілдер баршаға мәлім. Заң аясынан тыс қалып отырған мұндай көліктер қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіруде. Заңсыз көлік әкелетін амал-тәсілдің бәріне тосқауыл қою үшін батыл шаралар қабылдау қажет. Ал биылғы 1 қыркүйекке дейін елге әкелінген автокөліктерге қатысты ахуалды реттеу керек. Оларды заңдастыру мақсатында утилизация және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200-250 мың теңгеден асырмай, бәріне бірдей және бір реттік алым алуды ұсынамын. Бұл – іздеу салынбаған және кеден рәсімдерінен өткен көліктерге ғана қатысты шара.

Төртінші. Салық саясатының тиімді болуы кеден жұмысының ашықтығына тығыз байланысты.

Салық және кеден саласындағы ақпараттық жүйелерді толық біріктіру ісін аяқтау маңызды.

Келесі мәселе. Тексерушілердің тым көптігі. Олардың теріс әсер еткені белгілі. Сондықтан шекараға интеграцияланған кедендік бақылау тәсілін енгізу қажет. Кедендік рәсімдеу орталықтары «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуге тиіс.

Бесінші. Біз «көрпеге қарай көсілу» қажет екенін ұмытпауымыз керек.

Бюджет саясатына реформа жасалады. Ақырғы нәтижені дөп басуымыз керек. Бюджет кодексінде шекті нормативтер бекітіледі. Оны бюджетті жоспарлау және орындау кезінде міндетті түрде ұстану қажет.

Ұлттық қордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылады. Бұл – өте өзекті мәселе. Қордың қаражатын аса қажет инфрақұрылымды дамытуға және еліміз үшін маңызы зор жобаларды қаржыландыруға жұмсаймыз.

Бюджет үдерістерін барынша жеңілдету қажет. Мемлекеттік органдардың игерілмеген қаражатты келесі жылға қалдыруына мүмкіндік беру керек. Сол арқылы олар ақшаны бюджетке қайтарудың тиімсіз тәртібінен құтылады. Сонымен бірге бюджетке қатысты тәуекелдерді басқару жүйесін іске қосу керек.Бұл жүйе квазимемлекеттік секторды да қамтуға тиіс.

Біз салық түсімін өңірлердің өзіне бере бастадық. Бұл жұмысты жалғастыру қажет.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы тиімді іске асырылып жатыр. Оның ауқымын кеңейтіп, жобаға аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдарды тарту керек. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы қаржысының кемінде 10 пайызы қайда жұмсалатынын қоғамның өзі айқындауға тиіс. Осы айтылған мәселелерді тиімді жүзеге асыру үшін жаңа Бюджет кодексін қабылдау қажет.

Алтыншы. Кәсіпкерлікті жүйелі түрде қолдау.

Бұл жұмыста бәрін басынан бастап реттеу керек. Тапсырма екі жылдан бері орындалмай келеді. Жүздеген, тіпті мыңдаған заңнамалық құжат пен нұсқаулықты қайта-қайта түзете бергеннен ештеңе шықпайды. Оның орнына ықшам әрі түсінікті жаңа ережелерді бекіткен жөн. Мұндай тәсілді 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап толық енгізу қажет.

Келесі мәселе. Мемлекет қаржылай қолдау жасаған кезде бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес өкілдеріне баса мән береді. Еңбекақы төлеу қорын көбейткен және салық төлемдерін арттырған кәсіпорындарға қолдау көрсетіледі. Бұл – негізгі талап.

Сонымен қатар мемлекеттен көмек алатын бизнес өкілдерін анықтайтын автоматты жүйе енгізіледі. Мемлекеттік сатып алудың мүлде жаңа жүйесі жасалады. Бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметтердің сапасы басты назарда болады.

Мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алуды бірыңғай платформаға көшіру қажет.

Осының бәрін жүзеге асыру үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылдануға тиіс.

Жетінші. Мемлекет пен жекеменшік серіктестігінің жаңа үлгісіне көшу керек.

Қазір көптеген жоба кейбір кәсіпкерлер мен шенеуніктердің майшелпегіне айналды. Келісімшарттар ашық және конкурстық негізде жасалуға тиіс. Осы мақсатта тиісті заң қабылдау қажет.

Сегізінші. Несие ресурстарының тапшылығы отандық бизнес үшін үлкен проблема болып отыр.

Қазақстанда шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін 42 миллиард долларға жуық қаражат жетіспейді. Сөйте тұра, банктерде триллиондаған теңге қаржы іс жүзінде экономикаға еш пайдасын тигізбей босқа жатыр.

Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Үкімет бірлесіп, нақты секторды тұрақты әрі қолжетімді несиемен қамтамасыз ететін нақты шешімдер қабылдауға тиіс. Ұлттық банк қазіргі ахуалдың өте күрделі екенін ескере отырып, барынша икемді қимылдауы, тіпті тапқырлық танытуы керек. Шетелдерде бұған қатысты оң тәжірибелер бар.

Тоғызыншы. Өнім өндіру үшін, ең алдымен, жер керек. Жері жоқ адам бизнеспен айналыса алмайды.

Кәсіпкерлерге жер телімдерін ашық әрі жедел бөлудің тиімді тәсілдері айқындалуға тиіс. Оны жыл соңына дейін әзірлеу керек. Әрбір аймақ пен елді мекенде бос жатқан немесе мақсатына сай игерілмеген жердің бар-жоғын анықтау қажет. Бұл ақпаратты бизнес өкілдері білуге тиіс. Аталған шаралар кәсіпкерлердің ғана емес, жалпы экономиканың бәсекеге қабілетін арттыра түсетіні анық.

ЕКІНШІ БАҒДАР. НАҚТЫ СЕКТОРДЫ ДАМЫТУ.

Ең алдымен, жер қойнауын игеру ісіне инвестиция тарту үшін заңнаманы және рәсімдерді барынша жеңілдету керек.

Геологиялық ақпарат туралы бірыңғай мәліметтер банкін құру жұмысын аяқтау қажет.

Үкіметке индустрия және жер қойнауын игеру салаларының инвестициялық тартымдылығын арттыруды тапсырамын.

Былтыр менің тапсырмам бойынша барлық арнайы экономикалық аймақтың тиімділігі бағаланды. Соның нәтижесінде, түйткілді тұстарды анықтап, тың тәсілдерді ойластырдық. Енді арнайы экономикалық аймақтарды дамыту үшін мүлде басқа саясатқа көшкен жөн.

Қазіргі таңда шетел компаниялары Қазақстанға көше бастады. Сондықтан бұл мәселе тіпті өзекті болып отыр.

Арнайы экономикалық аймақтарға инвестициялық жеңілдіктерді саралап беру керек. Неғұрлым көп ақша салсаң, соғұрлым көп жеңілдік аласың деген ұстаным басты қағида болуы қажет. Жұмыс істейтін саласы негізгі бағыт болмаса да, маңызды индустриялық жобаларды жүзеге асыратын инвесторлар бар. Оларға салық және кеден жеңілдіктерін ұсынбай-ақ, жер телімдерін беруге болады.

Барлық инвестициялық міндеттемесін адал орындайтын кәсіпорындар да бар. Оларға арнайы экономикалық аймақтан жер телімін жекеменшікке беру мәселесін шешу қажет.

Жалпы, инвестиция тарту жұмысын жүйелі жүргізу керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі.

Келесі мәселе. Бұған дейін айтылғандай, мемлекет өзінің экономикаға араласуын біртіндеп азайта береді.

«Самұрық-Қазына» қоры экономиканың басты салаларына бақылау жасауға ғана мүмкіндік беретін мажоритарлы үлесі бар инвесторға айналады. Қордың басқа активтері мен акцияларын жекешелендіру керек. Оны жүзеге асыруға «Халықтық IPO» тәсілін де қолдануға болады.

«Самұрық-Қазына» қоры жеке инвесторлар дербес жүзеге асыра алмайтын аса маңызды жобаларға инвестор ретінде қатыса алады. Мұндай жобаларды Президент анықтайды.

Келесі мәселе – еліміздің транзиттік қуатын арттыру.

Қазақстан қазіргі геосаяси жағдайда Азия-Еуропа арасындағы аса маңызды құрлық дәлізі болып отыр. Біз бұл мүмкіндікті толық пайдаланып, әлемдік маңызы бар көлік-тасымал торабына айналуымыз керек. Еліміз осы салада ірі жобаларды жүзеге асыра бастады. Атап айтқанда, Ақтауда контейнер хабы құрылып жатыр. Транскаспий дәлізі дамып келеді. Осы жұмыстарға әлемдегі үздік логистика компаниялары тартылады.

«Қазақстан темір жолы» компаниясы толыққанды транзиттік-логистикалық корпорация болып қайта құрылады.

Автожол құрылысына, соның ішінде жергілікті жолдардың сапасына баса мән беру керек. Бюджеттен қыруар қаржы бөлінсе де, бұл мәселе әлі шешімін таппай отыр.

Мен 2025 жылға дейін жергілікті жолдардың кемінде 95 пайызын жақсарту жөнінде тапсырма бердім. Үкімет бұл мәселені тікелей бақылауға алсын. Жол құрылысындағы заңсыздықтарды анықтау қажет. Бұл жұмыстан нақты нәтиже шығару керек.

Бізде әлі күнге дейін битум тапшы. Бұл – ірі көлемде мұнай өндіретін ел үшін, тіпті ұят жағдай. Үкімет осы мәселені түбегейлі шешуге тиіс.

Жалпы, ашығын айтуымыз керек, Үкіметтің жұмысында қайта-қайта олқылықтар болып жатыр. Біресе жанар-жағармай, біресе шекер жетіспейді. Осының бәрі Үкіметтің нақты шешім қабылдауға келгенде өте баяу қимылдап, батыл қадам жасай алмауынан болып отыр. Мұндай жағдайға азаматтардың да көңілі толмайды. Әрине, бұл – орынды. Сондықтан дәл осылай жалғаса берсе, тағы да нақты кадрлық шешімдер қабылдауға тура келеді.

Келесі мәселе. Ұлттық экономика құрылымында құрылыс секторы маңызды орынға ие. Осы сала ішкі жалпы өнімнің 5-6 пайызын береді. Жанама салалар қосылса, бұл көрсеткіш одан да көп.

Бүгінде Қазақстандағы сәулет-құрылыс қызметін реттейтін 2,5 мыңнан астам құжат бар. Бұл жүйе әбден қағазбастылыққа көмілген. Жемқорлық аз емес. Ескі құрылыс стандарттары мен нормалары әлі де қолданылады. Сондықтан Үкіметке мүлдем жаңа құжат – Қала құрылысы кодексін қабылдауды тапсырамын.

Әрбір қаланың жер телімдері мен коммуналдық желілердің схемасы көрсетілген функционалды интерактивті картасын жасау керек. Жер кадастрында өнеркәсіптік мақсатқа арналған жер телімдерінің картасын қолданыстағы көлік және коммуникация инфрақұрылымының схемаларымен толықтырып отыру қажет.

Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азықтүлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл – стратегиялық міндет. Қазір тек бидай мен мал сатып отыратын заман емес. Үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуге тиіс.

Бюджет қаражатының қайтарымы болуы керек. Мемлекет қаржыны оңды-солды шашып, ысырап етуге жол бермейді.

Субсидия бөлуге және оның жұмсалуына жүргізілетін бақылауды күшейту керек.

Шаруалардың өзара ұжымдасуы ауыл шаруашылығын дамытуға жол ашып отыр. Біз осындай қанатқақты жобаны жүзеге асырдық. Оған қатысқан ауыл шаруашылығы кооперативтерінің егіні екі есе артық өнім берген. Ал мал басы шамамен 25 пайызға көбейген. Әр өңірдің ерекшелігін ескере отырып, оң тәжірибені бүкіл елге біртіндеп тарату қажет. Бұл салада озық технологиялар тапшы.

Қазір ауыл шаруашылығына арналған жер туралы толыққанды ақпарат жоқ. Жердің құнары, су ресурсы мен суару жүйесі және оның жолдары жайлы мәліметтер жан-жақта шашырап жатыр. Цифрлық платформа осының бәрін бір жерге жинақтайды.

Тұтастай алғанда, еліміздің агроөнеркәсіп кешені келесі жылдан бастап жаңа әрі тұрақты ереже бойынша жұмыс істеуі қажет.

Игерілмей жатқан жерді қайтарып алу жөніндегі комиссияның қызметіне жеке тоқталғым келеді. Комиссия жұмысының аясында ауыл шаруашылығы мақсатындағы 2,9 миллион гектар жер мемлекетке қайтарылды. Жылдың соңына дейін кемінде 5 миллион гектар жерді қайтарып алу жоспарланып отыр. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген жер көлемі 10 миллион гектарға жуықтайды. Үкімет пен әкімдіктер келесі жылдың соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдауға тиіс. Қазір жер мәселесін тексеруге жарияланған мораторий де күшін жойды. Бұл қадам жұмысқа оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

Ел экономикасын тұрақты дамытуға су тапшылығы қатты кедергі болып отыр. Қазір бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Сырттан келетін су азайып барады. Сол судың өзін тиімсіз пайдалану жағдайды одан әрі ушықтыруда. Судың 40 пайызы құмға сіңіп жатыр. Бұл салада басқа да түйткілдер аз емес. Атап айтқанда, инфрақұрылым әбден тозған. Сондай-ақ автоматтандыру және цифрландыру деңгейі төмен. Ғылыми негіздеме жоқ, мамандар тапшы. Бұл мәселелерді шешу үшін Үкімет жанындағы Су кеңесінің жұмысын жандандыру қажет, білімді сарапшыларды жұмысқа тарту керек. Қажетті мамандарды даярлау үшін бұл саладағы іргелі әрі мықты жоғары оқу орнын анықтаған жөн. Су саласын дамытудың үшжылдық жобасын әзірлеу керек.

ҮШІНШІ БАҒДАР. ЕЛ БОЛАШАҒЫНА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ.

Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық

БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды.

Денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілді. Дегенмен, оның жағдайы әлі де мәз емес. Әрине, жылдар бойы қордаланған түйткілдер бір мезетте шешілмейді. Сондықтан аса маңызды мәселелерді ретке келтіруге баса мән берген жөн. Соның бірі – қаржыландыру жүйесі. Осы салаға қаржының жеткілікті бөлінбеуі қалыпты жағдайға айналған. Соның кесірінен жұрт сақтандыру жүйесіне қосылса да, медициналық қызмет толық көлемде көрсетілмей отыр.

Бүгінде медициналық көмек мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеті деп екіге бөлінген. Ашығын айтсақ, мұндай жүйенің тиімділігі төмен. Тіпті сақтандыру моделі тұрақсыз әрі жүйесіз дамуда. Бұл – үлкен олқылық. Ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізетін уақыт әлдеқашан жетті.

Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды тапсырамын.

Медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға баса назар аудару керек. Мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін тиімді пайдаланған жөн.

Медицина – инвестиция салуға қолайлы сала. Тек оған дұрыс жағдай жасау қажет.

Мен келесі жылдан бастап ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырдым. Бұл құжат, ең алдымен, ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған.

Бүгінде еліміздегі 650 елді мекенде емдеу мекемесі жоқ. Алдағы екі жылда бұл ауылдарда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі. Осылайша, мемлекет бір миллионнан астам адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік жасайды.

Ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана заманға сай жаңарып, ауданаралық көпбейінді мекемеге айналады. Онда инсульттен емдеу орталықтары, хирургия, жансақтау және оңалту бөлімдері ашылады. Бұл төрт миллионнан астам адамға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттырады. Сонымен қатар телемедицина бағытын дамытамыз. Сол арқылы шалғайда тұратын халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетілетін болады.

Денсаулық сақтау саласы бәсекеге қабілетті болуы үшін дәрігерлер дайындау жүйесін жетілдірген жөн. Медициналық жоғары оқу орындарының жанынан көпбейінді ауруханалар және клиникалар ашылады. Алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант саны 70 пайызға көбейеді. Мұның бәрі ұлт денсаулығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде жақсартуға септігін тигізеді.

Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады.

Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Алайда бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды.

Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн. Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондықтан балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет.

Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды.

Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады.

Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек. Жемқорлар сотталғанда, олардың заңсыз тапқан қаржысы мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалуға тиіс. Үкімет осы бастаманы заң тұрғысынан рәсімдеу туралы шешім қабылдауы керек.

Мектеп формасын барлық оқушыға барынша қолжетімді ету аса маңызды. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз саналатын кейбір топтағы балаларға оны бюджет есебінен беру қажет деп санаймын. Мектеп формасына арналған мемлекеттік тапсырысты отандық жеңіл өнеркәсіпті дамытуға бейімдеген жөн.

Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалды. Дегенмен бұл бағытта әлі де біршама өзгерістер жасау қажет.

Педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа стандарты қабылданады. Сондай-ақ ұстаздардың құзырет аясы айқындалады.

Жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескерсек, жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды барынша күшейту маңызды.

Қоғамда қазақ және орыс тілін мектепте оқыту мәселесі жөнінде пікірталас болып жатыр. Нақты айтайын: біз қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білетін балаларды тәрбиелеуіміз қажет. Себебі бұл ұрпақтың мүддесі үшін керек. Оқу-ағарту министрлігі популистердің жетегінде кетпей, балалардың мүддесін қорғауға тиіс. Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде.

Техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделуі және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы керек.

Ата-аналар мен оқушылар алған білімінің және игерген машық-дағдысының сапалы және сұранысқа ие болуы үшін белгілі бір деңгейде жауапты екенін сезінуге тиіс. Сондықтан олармен де үнемі әріптестік қатынас орната білу керек. Осы мақсатта жеке білім беру ваучерлерін енгізу жоспарланып отыр.

Баланың білім алуына, оның ішінде сыныптан тыс оқуына мемлекет бөлетін қаражат бірыңғай білім беру есепшоттарында жинақталады. Бір сөзбен айтқанда, мұны балалардың білім алуына инвестиция ретінде жұмсалатын алғашқы мақсатты капитал деуге болады. Бұл қадам еліміздің әрбір азаматы үшін бірдей мүмкіндік қағидатын іс жүзінде қолдануға жол ашады. Жоғары білім саласындағы реформаларды да осы бағытта жүзеге асырған жөн.

Отандық жоғары оқу орындарының білім сапасы артқан сайын ондағы оқу ақысы да өсе түседі. Сондықтан мемлекет ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесіне және басқа да көрсеткіштерге байланысты білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлуді жоспарлап отыр. Оның көлемі 30-дан 100 пайызға дейінгі аралықта болады.

Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие де беріледі. Бұл шаралар жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамдағы әріптестік және өзара жауапкершілік қағидатын нығайта түседі.

Келесі маңызды мәселе – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекет-жекеменшік әріптестігін орнату тәсілін барынша енгізу керек. Сондай-ақ барлық мәселенің шешімін табуды мемлекеттің мойнына ілу дұрыс емес деп санаймын. Сол себепті, мемлекеттен қаражат алу үшін жекеменшік жоғары оқу орындарының жатақханасы болуы шарт. Әрине, мұны оқу орындарынан біртіндеп талап еткен жөн.

Студенттердің жекелеген, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін пәтер жалдауға кететін шығынын субсидиялау мүмкіндігін де қарастыруға болады. Жоғары оқу орындары жанындағы эндаумент-қорлар білім берудің экожүйесін дамытудың негізгі буынына айналуға тиіс. Мақсатты капиталдың мұндай қорлары әлемдегі озық университеттерде ғылымды және инновацияны қаржыландырудың өзегі саналады.

Еңбекақыны нарықтағы жағдайға сай өсіру – халықтың әл-ауқатын арттырудың басты факторы. Мемлекет ең төменгі жалақыны айқындаудың жаңа тәсілін енгізеді. Бұл әдіс оның мөлшерін біртіндеп ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Мен ең төменгі жалақы деңгейін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім 1,8 миллион азаматтың табысына тікелей әсер етеді.

Біз зейнетақы жүйесін де қайта жаңғыртамыз. Зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесін біртіндеп ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына, ал жоғарғы шегін 120 пайызына жеткізу қажет. Бұған дейін қабылданған шешімдермен бірге бұл қадам 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақы мөлшерін орташа алғанда 27 пайызға көбейтеді. Сондай-ақ әлеуметтің талап-тілегін ескере отырып, әйелдердің зейнет жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдырамыз.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының тиімді инвестициялық стратегиясын әзірлеу қажет. Бұл жұмысқа іскерлік абырой-беделі мен кәсіби біліктілігі жоғары мамандары бар жеке компанияларды тартуға болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне де өзгеріс енгізу керек.

Біз 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімін сәби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартамыз. Балалардың ең маңызды шағында – сәби кезінде ата-аналары жанында көбірек болады.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға жұмыссыз қалғаны үшін төленетін төлемақы орташа айлық табысының 45 пайызына дейін көбейтіледі. Бұл қадам осындай жағдайға тап болған жандарға септігін тигізіп, қызметке тезірек оралуына мүмкіндік береді.

Атаулы әлеуметтік көмектің бірыңғай жүйесін құру азаматтардың әл-ауқатын жақсарту ісіндегі маңызды қадамның бірі болмақ.

2023 жылдан бастап, Отбасының цифрлық картасы және Әлеуметтік әмиян сияқты тәсілдерді енгізу жоспарланып отыр. Осы бастамалар аясында мемлекеттік қолдаудың түрлі шаралары біріктіріледі. Оның бәрі барынша түсінікті, ең бастысы, нақты болады әрі алдын ала жасалады.

Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасты жұмысқа орналастыруымыз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету жалғасады. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді.

Жалпыхалықтық референдумда қабылданған конституциялық өзгерістер Әділетті Қазақстанның символына айналды.

Біз Ата Заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидатты бекіттік. Бұл – құр сөз емес. Бұл – барлық реформаның арқауы.

Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Сондықтан мен жариялаған Балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын.

Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар кәмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді. Қор, шын мәнінде, ұлттық мәртебеге ие болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Бастаманы мұқият әзірлеу қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан жүзеге асыра бастауды тапсырамын.

«Самұрық-Қазына» қоры таза пайдасының кемінде 7 пайызын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына аударатын болады. Бұл – Жаңа Қазақстанның сипатына сай келетін маңызды бастама. Сондай-ақ табысы мол кәсіпкерлер мен азаматтар қорға демеушілік көрсете береді деп сенемін.

Жалпы, адам әлеуетін дамыту – маңызды мәселенің бірі. Осы орайда, шетелден дарынды жандарды елге тарту қажет. Әсіресе шығармашылық және кәсіпкерлік салада жетістікке жеткен азаматтарды шақыру керек. Мен тиімді көші-қон саясаты туралы айтып отырмын.

Сұранысқа ие болып отырған және жоғары білікті мамандардың тапшылығын азайту қажет. Ғылым, денсаулық сақтау, өндіріс, IT салаларының білікті мамандарына жеңілдік жасалады. Мемлекет оларға елімізде тұрақты тұру үшін виза береді. Шетел кәсіпкерлері он жылға виза рәсімдеп, Қазақстанда тұруға мүмкіндік алады. Бірақ олар экономикамызға 300 мың доллардан астам инвестиция салуы қажет.

Қандастардың көшіп келуіне және ішкі миграцияға қатысты саясат түбегейлі өзгереді. Бұл орайда, демографиялық және экономикалық үрдістерді ескеру керек. Сондай-ақ жалпыұлттық мүддені басшылыққа алу өте маңызды.

Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек.

Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды.

Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек.

Көрші мемлекеттің азаматтары шетелге барып, жұмыс талғамай еңбек етіп жатыр. Олар біздің елде де өте жақсы табыс тауып жүр. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Біз мұны жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз. Идеология жұмысында осыған баса мән берген жөн.

ТӨРТІНШІ БАҒДАР. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ІСІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ.

Экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік басқару жүйесіне серпіліс қажет. Жұрт бос сөзден, жарқын болашақ туралы жалынды ұрандардан жалықты. Халық мемлекеттік органдардың өз уәдесін қағаз бетінде емес, іс жүзінде орындағанын қалайды.

Саяси қызметшілердің жеке жауапкершілігін арттыра отырып, мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыруға баса назар аудару керек. Үкіметтің кейбір құзыреттерін министрліктерге берген жөн. Нақты бір саладағы саясатқа «ұжымдасқан кабинет» емес, нақты бір министр жауапты болуға тиіс.

Үкімет салааралық мәселелерді шешумен шұғылдануы қажет. Премьер-Министр Кеңсесін мемлекеттік басқару ісінің үздік стандарттарына сай келетін, ықшам Үкімет аппараты ретінде қайта құру осы бағыттағы алғашқы қадам болмақ. Басты мақсат – оның атауын өзгерту емес, нақты реформа жасау. Біз орталық мекемелерді оңтайландыру арқылы жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігін айтарлықтай кеңейтуіміз керек. Бұл тәсіл қордаланған мәселелерді өңірлерде, ел ішінде шешуге мүмкіндік береді.

Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріне, қоғамдық кеңестердің, пәтер иелері кооперативтері мен мүлік иелері бірлестіктерінің қызметін өзгертуге айрықша назар аудару қажет. Тұрғын-үйлер мен қала инфрақұрылымын абаттандыру мәселесін қолға алу керек. Ғимараттардың сыртқы көрінісі және ішкі инфрақұрылымының қызметі азаматтардың көңілінен шықпайды, елімізді шетелдіктердің алдында ыңғайсыз жағдайға қалдырады.

Үкіметке жаңа әкімшілік реформа әзірлеуді тапсырамын. Оған қоса, мемлекеттік органдардың жұмыс нәтижесін жақсартып, жауапкершілігін арттырған жөн.

Бізге сапалық тұрғыдан жаңа мемлекеттік басқарушылар керек. Мемлекеттік қызметшілерді іріктеу және жұмыстан босату жүйесін заман талабын ескере отырып, қайта жасау қажет. Мемлекеттік қызмет жеке сектордағы кәсіби мамандар үшін барынша ашық болғаны дұрыс. Кадрлық резервті нығайту керек.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі толыққанды стратегиялық HR институтына айналуға тиіс. Үкімет Агенттікпен бірлесіп бүкіл әлемдегі азаматтарымыздың әлеуетін жұмылдыру үшін арнайы платформаны іске қосуы керек.

Квазимемлекеттік сектордағы басқару ісінің тиімділігін арттыруға айрықша назар аударған жөн. Бұл бағытта нақты жұмыс атқарыла бастады. Соны аяғына дейін жеткізу керек. Ол үшін «Самұрық-Қазына» қорының жаңа жұмыс үлгісін түпкілікті айқындап алу қажет.

Әлемдегі ең үздік инвестициялық және өндірістік компанияларды үлгі ретінде алу керек. Мемлекеттік активтерді басқару ісі барынша ашық болуға тиіс. Үкімет жыл сайын Ұлттық баяндама әзірлеуді қамтамасыз етеді және оны Парламентке жолдайды.

БЕСІНШІ БАҒДАР. ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП.

Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет. Осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керек. Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керек.

Көптеген сот төрағасы лауазымы судья лауазымы болып өзгереді. Сот төрағасы және Сот алқасының төрағасы лауазымына үміткерді судьялар өздері сайлайтын тәсіл енгізуді ұсынамын. Жоғарғы Сот судьяларын да сайлау арқылы таңдау тәсілін енгізген жөн. Ол үшін Президент үміткерлерді баламалы негізде Сенатқа ұсынуы керек. Аталған салаға мықты заңгерлерді тарту үшін материалдық жағдай жасау қажет.

Судьялардың дербестігін арттыру үшін Жоғарғы сот кеңесінің мәртебесін нығайтқан дұрыс. Судья болуға үміткерлерді дайындау, біліктілігін көтеру жұмысы Кеңестің құзыретіне беріледі. Сондай-ақ олардың шекті жасын ұзарту, өкілеттігін тоқтату мәселесімен де осы мекеме айналысады. Бұл мемлекеттік орган нақты кадрлық функциялары бар, толыққанды институтқа айналуы керек. Кадрларды іріктеуден бастап, барлық деңгейдегі соттарды тағайындауға ұсыным беруге дейінгі бүкіл міндет соларға жүктеледі.

Күштік құрылымдар сотқа ықпал етпеуге тиіс. Бұл – өте маңызды. Судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрі жойылуы керек. Судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттырамыз. Судьяның өрескел қателік жіберген және күшін жойған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруге тиіс.

«Сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын түбегейлі қайта қараған жөн.

Апелляция институтын реформалау қажет. Істер бірінші сатыдағы сотқа қайтарылмай, нақты мән-маңызы бойынша шешім шығарылуы керек.

Әкімшілік әділеттің қолданылу аясын да кеңейту қажет. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың ауқымды бөлігінің және мемлекеттік органдармен арадағы азаматтық-құқықтық даулардың Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен реттелуі отандық сот төрелігін барынша ізгілендіріп, әділдікке бастайды. Сонымен бірге аудандық және облыстық соттар деңгейіндегі сот төрелігінің қолжетімді болу мәселесін пысықтау керек.

Бизнес өкілдері сот алымдарының тым жоғары болуы олардың өз мүддесін қорғауына айтарлықтай кедергі келтіреді деп есептейді. Бұл – орынды пікір. Сондықтан, қазіргідей талап-арызда көрсетілген сомадан алынатын пайыз мөлшерінің орнына мүлік даулары бойынша ойға қонымды алым мөлшерін белгілеу қажет.

Мемлекеттің сот процесіне қатысуын азайтқан жөн. Мемлекеттік органдар арасындағы сот дауларын да ретке келтіретін кез келді. Егер екі министрлік заң нормаларын әртүрлі түсінсе, ондай мәселені Үкімет түпкілікті шешуге тиіс. Дәл осындай тәсілді мемлекеттік органдардың мемлекеттік ұйымдармен арадағы дауларына да қатысты қолдану қажет.

→6

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

←1, 4-5

Түрлі өңірде ұқсас істер бойынша әртүрлі шешімдер қабылданатын жайттар жиі кездеседі. Қазір цифрлық талдау жасайтын құрал әзірленуде. Сол арқылы сот төрелігін атқару ісін біріздендіруге мүмкіндік туады. Жоғарғы Сот осы интеллектуалды жүйені толық енгізуді тездеткені жөн.

Әрине, сот жүйесін реформалау мұнымен аяқталмайды. Бұл шаруамен мамандар Жоғарғы Соттан тыс айналыса береді. Осы қадам үдеріске бәсекелік сипат беріп, оны қоғам өкілдері мен тәуелсіз сарапшылар үшін ашық, яғни, анағұрлым тиімді етеді.

Келесі мәселе – құқық қорғау органдарын реформалау туралы. Бұл сала әрдайым қоғамның жіті назарында.

«Қасіретті қаңтар» оқиғасы тәртіп сақшылары үшін нағыз сынақ болды. Ол кезде арандатушылардың кесірінен шерулер жаппай тәртіпсіздікке ұласты. Оның ақыры мемлекетке қарсы бүлік шығаруға әкеп соқтырды. Жұртты арандатушылардың көбі шартты немесе жеңіл жазамен құтылып кетті. Шын мәнінде, олардың кінәсі әлдеқайда ауыр. Өйткені жағдайды қасақана ушықтырды. Соның салдарынан іс насырға шауып, қайғылы оқиғалар болды.

Маған құқық қорғаушылар, адвокаттар қауымдастығының өкілдері бірнеше рет өтініш жолдады. Олар елді жаппай тәртіпсіздікке үндеген адамдарды қатаң жазалау қажет екенін айтты. Бұл – орынды ұсыныс. Сондықтан өкілетті органдарға осы мәселені қарастырып, нақты шара қабылдауды тапсырамын.

Біз кез келген ашық арандатушылыққа және заңсыз іс-әрекетке қатаң тосқауыл қоюымыз керек. Ел ішіне іріткі салған және заң бұзуға шақырған адамдар қатаң жазадан құтылып кетпейді.

«Саяси плюрализмге ашықпыз, экстремизмнен, қарақшылық пен бұзақылықтан қашықпыз» деген ортақ қағиданы бүкіл қоғамның есіне салғым келеді. Қасақана арандату басталған жерде, сөз бостандығы мен пікір алуандығы туралы әңгіме қозғаудың өзі артық. Бұл – қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, мемлекеттің тұғырын шайқауға әрекеттену деген сөз.

Бізге ел бірлігі ауадай қажет. Ереуілге қатысқандар да, күштік құрылым қызметкерлері де – өз азаматтарымыз. Олар сот әділ өтеді деп қана емес, қоғам кешірімді болады деп үміттеніп отыр.

Мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдетті. Заң бұзғандардың бірқатары кінәсін түсініп, өткен іске өкініп отыр. Оларға кешіріммен қараған дұрыс деп ойлаймын. Сондықтан, мен қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдадым.

Рақымшылық жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға қатысы бар адамдарға, сондай-ақ, мемлекетке опасыздық жасағаны және билікті күшпен басып алуға әрекеттенгені үшін айыпталғандарға қолданылмайтыны түсінікті. Сондай-ақ лаңкестік және экстремистік қылмыс жасағандарға, рецидивистерге, жұртты азаптағандарға рақымшылық болмайды.

Біз адамгершілік таныта отырып, осы қайғылы оқиғадан тиісті қорытынды жасаймыз. Мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбайды. Бұған жол бермейміз.

Қаңтар оқиғасы кезінде қаза болған азаматтардың жағдайы төмен отбасыларына материалдық көмек беріледі. «Қазақстан халқына» қоры да осы игі іске лайықты үлес қоса береді деп ойлаймын.

Біз қаңтар оқиғасынан сабақ алып, қоғамдық қауіпсіздікті едәуір күшейту қажеттігін түсіндік. Соңғы кезде адам өлтіру, қарақшылық жасау сияқты ауыр қылмыстар көбейіп барады. Аса қатыгездікпен жасалатын мұндай әрекеттер бүкіл қоғамға қатер төндіреді. Жазаны қатайту, мұндай қылмыс жасағандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды доғару арқылы осы қауіпті үрдістің тамырына балта шабу керек.

Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Құқық қорғау органдары бұл ұсыныстың дұрыс екеніне күмәнмен қарайды. Себебі мұндай тұрмыстық жағдайларды анықтау оңай емес, яғни осындай оқиғаларды тергеп-тексеру қиынға соғады. Бұл сөздің де жаны бар. Бірақ қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды.

Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет. Сондықтан, полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек.

Синтетикалық есірткі тұтынатындардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіруде. Қазіргі ахуал өте күрделі, соңғы үш жылда тәркіленген «синтетиканың» көлемі 10 есе артқан. Уақыт өткен сайын мұндай есірткі арзан әрі қолжетімді бола бастады. Нашақорлар оны әлеуметтік желі мен түрлі мессенджер арқылы емін-еркін сатып алып жатыр. Есірткіні, тіпті үйге әкеп беретіндер бар. Бұл – аса қауіпті әрі ауқымды әлеуметтік кесел.

Синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыұлттық деңгейде жүргізілуге тиіс. Сондықтан, Нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді жоспарын әзірлеу қажет.

Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде арттырған жөн.

Бюджет қаржысын және жалпыұлттық байлықты талан-таражға салатын жемқорлық әрекеттер мен оның астыртын жолдарын ұйымдастырушыларды іздеуге, түпкі амал-тәсілдерін анықтауға барынша күш салу өте маңызды.

Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді мұқият саралап, ондағы қолданылмайтын немесе сот төрелігіне кедергі келтіретін артық-ауыс нәрсенің бәрінен арылу қажет. Тиісті түзетулер енгізілгеннен кейін оларды қайта-қайта өзгерте бермеу қажет. 2015 жылдан бері Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге 1 200-ден астам өзгеріс енгізілген.

Уақытша жағдайларға байланысты немесе аясы тар корпоративті мүдделерге бола заңдарды өзгертуге жол берілмеуге тиіс. Сондықтан, қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы түзету құзыретін Әділет министрлігіне беру қажет. Ол үшін мекеменің кадрлық әлеуетін нығайтып, заң шығару қызметінің сапасын арттыру керек.

Құрметті отандастар!

Біз бүгін алдағы реформалардың бағыт-бағдарын айқындап алдық. Енді мемлекетімізді және қоғамның барлық саласын жаңғырта түсуге тиіспіз.

Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен жүзеге асырылып жатыр. Бұл тұжырым – қоғамымыздың мызғымас тұғыры. Реформалардың мазмұны жан-жақты толыға түспек. Жалпыұлттық ынтымақты және билік пен қоғамның серіктестігін нығайта береміз.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы.

Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу.

Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Қазір оның өзектілігі арта түсті.

Халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берген. Оны бәрінен биік қойған. Біз дәл осы кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білуіміз керек.

Құрметті Парламент депутаттары! Қадірлі отандастар!

Мемлекетіміздің болашағына тікелей қатысы бар ой-пікірлерімді ортаға салғым келеді.

Қазіргі геосаяси жағдайда біз мемлекеттілігімізді біртіндеп нығайтып, реформалар мен жаңару бағдарын нық ұстануымыз қажет. Барынша мұқият әрекет жасап, еліміздің ұзақ мерзімді мүддесіне сай жұмыс жүргізуіміз керек. Реформалардың қазіргі қарқынын сақтау, саяси мәселелердің бәрін кейінге қалдырмай шешу аса маңызды. Ол үшін алдағы сайлау кезеңдерін тиімді жоспарлау қажет.

Президенттің кезекті сайлауы 2024 жылы, ал Парламент сайлауы 2025 жылы өтуге тиіс екенін баршаңыз білесіздер. Жаңа стратегияға сәйкес басты мемлекеттік институттарды кешенді түрде қайта жаңғыртуға кірісу қажет деп санаймын. Бұл қадам бізге әр азаматымыздың әл-ауқатын арттыру және бүкіл елімізді өркендету жолындағы ортақ жұмысты жандандыруға мүмкіндік береді.

Билік өзінің жоспарын қоғамнан жасырын ұстайтын саяси дәстүрден арылуымыз керек. Сондықтан, мен бүгін алдағы сайлау науқандарының кестесін барша халыққа жариялағым келеді.

Мен биылғы күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынамын. Әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім мандаты қажет.

Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Сондықтан мен өкілеттік мерзімімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын.

Сондай-ақ мен көп ойланып, Президент өкілеттігі мерзімдерінің санын және ұзақтығын қайта қарау қажет деген байламға келдім. Президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынамын. Бірақ қайта сайлануға тыйым салынады.

Бұл бастаманың негізі қандай? Бір жағынан, 7 жыл – кез келген ауқымды бағдарламаны жүзеге асыру үшін жеткілікті кезең. Екінші жағынан, Президент мандатын бір мерзіммен шектеу Мемлекет басшысының жалпыұлттық дамудың стратегиялық міндеттерін шешуге барынша жұмылуын қамтамасыз етеді.

Тіршілік тоқтамайды, жаһандық үдерістер мен ел ішіндегі қоғамдық дамудың қарқыны күн өткен сайын артып келеді.

Мен ұсынып отырған конституциялық жаңалық билікті монополизациялау қаупін айтарлықтай азайтады. Дәл осы себепті, мен Президентті бір мерзімге ғана сайлау нормасын енгізуді ұсынып отырмын. Біз билікті жасақтаудың және оның қызметін қамтамасыз етудің өркениетті қағидаттарын бекітуге тиіспіз.

Жаңа президенттік жүйе саяси тұрақтылықты нығайтып, қоғамдық құрылыстың қазақстандық үлгісін орнықтырады. Президентті бір мерзімге ғана сайлау нормасын сайлаудан кейін Парламенттің қарауына ұсынамын. Парламент оң шешім қабылдаса, Отанымызда жаңа саяси дәуір басталады.

Елімізді саяси жаңғырту үдерісінде парламентаризмді дамыту ісі айрықша орын алады. Жаңарған Ата заңымыз әділ әрі ашық ережелері бар саяси жүйенің мүлде жаңа стандарттарын енгізеді. Саяси партияларды тіркеу рәсімі айтарлықтай жеңілдетілді. Парламент пен мәслихаттарды партиялық тізім және бір мандатты округ бойынша жасақтаудың тың тәсілдері іске қосылады.

Жалпы, конституциялық реформада көзделген институционалдық өзгерістің бәрін осы жылдың соңына дейін заңмен бекітіп, аяқтау қажет. Бұл өзгерістер саяси партиялардың санын арттырады, саяси бәсекені күшейтеді, халық қалаулыларының жаңа легі пайда болуына септігін тигізеді.

Бұрынғы тәртіп бойынша сайланған биліктің өкілді органдарының кезектен тыс сайлау науқаны арқылы жаңаруы заңдылық. Сондықтан, Мәжілістің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын келесі жылдың бірінші жартысында өткізуді ұсынамын.

Біз көпшіліктің мүддесін білдіретін депутаттардың жаңа құрамын жасақтаймыз. Бұл қадам мәслихаттар мен Парламент жұмысының тиімділігін арттырары сөзсіз. Болашақта Үкімет құрамына сайлаушылардың басым көпшілігінің дауысын алған саяси күштердің ғана емес, Парламенттегі басқа да партиялардың өкілдері кіруі мүмкін. Мұндай тәсіл атқарушы билікке бүкіл қоғамның талап-тілегін ескеретін тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен, биыл Президент сайлауы, келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Содан кейін Үкімет құрамы жасақталады. Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады.

Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру аса маңызды. Жаңа сайлау науқанының мерзімдерін және оның ретін елге ашық жариялау шешім қабылдау кезіндегі ашықтық қағидатына сай келеді. Осы қадамның бәрі біздің «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» атты басты формуламызды біртіндеп нақты мән-мазмұнмен байыта түседі.

Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды. Біз күн сайын ескі мен жаңаның, тоқырау мен дамудың арасынан таңдау жасаймыз. Баршаңызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын. Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз.

Әділетті Қазақстанды құру ісі енді ғана басталды. Алдағы жолдың қиындығы көп. Бұл бағдарымыз ешқашан өзгермейді, ішкі және сыртқы ахуал қандай болса да жалғаса береді. Қол қусырып отыратындар мен қасақана кедергі жасайтындарға орын жоқ.

Біз таңдаған жолымыздан айнымаймыз!

Ендеше, Әділетті Қазақстанды бірге құрайық!

Қасиетті Отанымызды бірге өркендетейік, ағайын!

Асан ЖОЛДАСБАЙ:

БОРЬБА – НЕ ТОЛЬКО РУК СПЛЕТЕНЬЕ!

САМБИСТЫ АЛМАТЫ ЗОЛОТЫМИ БУКВАМИ ВПИСАЛИ СВОИ ИМЕНА В ЛЕТОПИСЬ СПОРТА КАЗАХСТАНА. И ОДНИМ ИЗ ВИНОВНИКОВ ДАННОГО ТРИУМФА ЯВЛЯЕТСЯ ЗАСЛУЖЕННЫЙ ТРЕНЕР РК АСАН ЖОЛДАСБАЙ, РАБОТАЮЩИЙ С МОЛОДЕЖЬЮ НА ПРОТЯЖЕНИИ МНОГИХ ЛЕТ. ОН ПОДГОТОВИЛ НЕСКОЛЬКО ЧЕМПИОНОВ АЗИИ И МИРА, ОБЛАДАТЕЛЕЙ КУБКОВ ПЛАНЕТЫ. С НИМ БЕСЕДУЕТ НАШ КОРРЕСПОНДЕНТ.

– Асан Адамбаевич, насколько мне известно, совсем недавно вы защитили диссертацию на тему: «Интеграция физической и психологической подготовки борцов – самбистов на этапе начальной спортивной специализации». И в этой работе нас заинтересовало то, что вы много внимания уделили в ней психологической подготовке атлетов. Это сделано целенаправленно?

– Чтобы на спорт не стоял на месте, нужны исследования, обобщения опыта работы тренеров. Я борец советской школы. Назвал бы свое творение так: «Это новое, хорошо забытое старое». Ведь в работе опирался на свой личный опыт борца-самбиста и тренера, который подготовил немало спортсменов, которые прославляли страну уже в период независимости. Хотя история самбо Казахстана началась не вчера. Она идет с советского периода.

– Назовите имена своих подопечных, поднявшихся на пьедестал почета международных стартов.

– Ваша газета в свое время писала о Даурене Жайнакове, который в 2009 году в Салониках (Греция) стал чемпионом мира в весовой категории до 57 кг. Он является такжедважды серебряным (2008, 2013 годов) и бронзовым призером Кубка мира (2005г). Сегодня свой богатый опыт передает алматинской молодежи. В 2010 году его путь прошел Азамат Муканов (до 62 кг), поднявшийся на самую высокую ступень пьедестала почета в Ташкенте. Кстати, он через три года завоевал серебряную награду чемпионата мира по дзюдо (в Бразилии) и бронзовую медаль чемпионата Азии в этом виде спорта. Призер Азиатских игр в дзюдо. В свои дебютные года на международной арене (2007-2009 г.), как самбист, трижды удостаивался награды бронзового отлива на чемпионатах мира. Я бы отметил также и других призеров мира и чемпионов Азии. Их несколько человек. Но наиболее одаренными были: МедетТоргаев, Нуржан Жумажан, Жомарт Сагындыков и Еркебулан Куанжан. Они добились признания, как в Азии, так и в мире. Вспоминаю один из чемпионатов страны. Никто не ожидал такой прыти от представителей молодежного состава – Торгаева и Муканова, которые на своем пути «убрали» опытных мастеров, победителей и призеров чемпионатов мира и континента и встретились в финале. Был упорный поединок, который завершился со счетом – 6:6. Только по последним действиям, это практикуется не только в самбо, но и в других видах борьбы, победителем был определен Муканов. Были и те, кто имел хорошую подготовку, но не сумел воплотить свои способности на ковре. Такое в спорте бывает. И поэтому говорил и говорю, что главными слагаемыми успеха являются: дисциплина, физическая подготовка и моральный дух.

– И что, по-вашему, главнее?

– Вопрос ставить так нельзя. В спорте мелочей не бывает. Но если в атлете заложена «физика», то это сразу видно. Я всегда отбирал для себя из группы пять человек, которые были шустрее других во всех аспектах, и давал им сложные уроки.

– Например?

– На выносливость. На психологическую устойчивость. И обязательно двое после этих тестов отсеивались. Оставались самые сильные. Я был удивлен, когда ко мне в группу попал один из борцов. Он оказался не нужен тренерам, с которыми начинал свой путь в самбо. Парень был хорош физически и волевым по характеру. В нем прельщали также бойцовские качества. Оставалось подкорректировать отдельные его действия на ковре. И за полгода до международных стартов мы составляли план и работали по нему поэтапно. И не только с ним. Но и с другими. Только плановая подготовка с учетом всех аспектов спортивной борьбы позволяет добиваться успехов. И в этом деле мелочей нет. Добавил бы еще, что без арсенала приемов тоже рассчитывать на успех сложно. Как минимум, надо до автоматизма отточить несколько действий, которые бы ошеломили соперников.

– Если физические возможности и дисциплину можно было проверить, то психологию спортсмена сделать с первого раза невозможно. Как вы определяли психологическое состояние атлета?

– Нужно время, чтобы определить его состояние. Здесь, конечно, многое зависит от наставника. Он

наблюдает за подопечным: как тот ведет себя в коллективе, как воспринимает критику? И со своей стороны принимает меры, которые позволяют устранить тот пробел психологической неустойчивости. Он становится главным воспитателем, передающий подрастающему поколению накопленную человечеством культуру в виде определенных знаний, навыков, привычек, умений. Иначе говоря, добиться правильного поведения спортсмена и совершенствования его спортивных результатов невозможно. Были случаи, когда хорошо подготовленный атлет выходил на ковер и терялся. Это зачастую мы видим на крупных международных состязаниях. К примеру, атлет не выдерживал психологического натиска судьи. Начинал спорить о правомерности своих действий. Это неуравновешенность приводит зачастую к поражениям. Во-вторых, тренер не должен при этом лишить спортсмена его собственного индивидуального своеобразия. Наоборот, должен поощрять подопечного за новые идеи, импровизацию. Тот спортсмен, который чувствуетподдержку наставника, силу и энергию соперника, не поддается личным эмоциям, обязательно станет победителем. Сюда бы я добавил еще отдых, питание и витаминизацию спортсмена. Чтобы отвлечься от физических стрессов и хорошо подготовиться к поединкам, я всегда рекомендовал своим подопечным отвлечься чтением любимых книг. Это могут быть детективы, классическая литература, фантастика и т.д. По себе знаю, как это помогает восстановиться организму.

– В своей диссертации вы разделили психологию на два вида. Подробнее о них.

– В своей работе я пишу: «Общая психологическая подготовка, которая проходит через все этапы тренировки, направлена на воспитание спортсмена как гражданина, а также на воспитание мотивов, которые побуждали бы к систематическим занятиям, к достижению результатов, быыть полезным обществу, на воспитание трудолюбия, способности преодолевать трудности и, наконец, на освоение норм спортивной этики. В содержание общей психологической подготовки входит также развитие и совершенствование психических функций и качеств, специфических для конкретного вида спорта. Одним из разделов общей психологической подготовки 24 является воспитание волевых качеств, характерных для данного вида спорта. Так, для борьбы самбо такими волевыми качествами являются решительность, настойчивость, самообладание. Общая психологическая подготовка должна осуществляться, начиная с начала занятий спортом и проходить центральной линией на последующих этапах многолетней подготовки спортсменов. Второй вид. Психологическая подготовка к конкретному соревнованию осуществляется в период, предшествующий ближайшему соревнованию, и предусматривает создание наивысшей психической готовности к спортивной борьбе в условиях данного соревнования. Этот вид психологической подготовки может быть выделен из тренировочного процесса, пронормирован и проконтролирован. Остальные же аспекты - развитие волевых качеств, мышления, точности и быстроты восприятия окружающей обстановки, психических компонентов двигательных качеств и т. п. - реализуются в процессе физической, технической и тактической подготовки, неразрывно связаны с ними, а могут развиваться и отдельно, например, развитие свойств внимания, умений расслабления и мобилизации и т.п. Поэтому сложно говорить о психологической подготовке спортсмена как самостоятельной и выражаемой в цифрах (в объеме и интенсивности) части педагогического процесса, хотя в некоторых моментах она имеет самостоятельное осуществление [46]. Оба вида психологической подготовки должны присутствовать в подготовке спортсмена любой специализации и любой квалификации»... И это касается не только самбо, но и других видов спорта.

– И последнее. Вы сегодня до сих пор тренируете?

– У каждого свой путь в спорте. Я до сих пор среди действующих наставников. И рад, что мои методы уже применяют в своих тренировках не только мои ученики. Но и их подопечные. Например, ученики Жомарта Сагындыкова не раз покоряли мировой пьедестал. И уверен, за ними хорошее будущее. Сам я тоже не остаюсь в стороне – помогаю своим подопечным, которые приглашают меня провести мастер-классы, поделиться опытом. И приятно, когда тебя хотят видеть в борцовском зале еще и еще...

Записал
Абай ИЛЬЯСОВ

КОРОЛЬ РИНГА

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТУРНИР ПО БОКСУ СРЕДИ ВЕТЕРАНОВ «КОРОЛЬ РИНГА-2022» ЗАВЕРШИЛСЯ 30 АВГУСТА В ПЕТРОПАВЛОВСКЕ. ЧЕСТЬ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ ЗАЩИЩАЛИ МАСТЕРА КОЖАНОЙ ПЕРЧАТКИ ИЗ ЖАНАОЗЕНА, А ИМЕННО, ВОСПИТАННИКИ ТРЕНЕРА КАЙРАТА ЕРЖАНОВА.

В турнире приняли участие боксёры из Казахстана, России и Кыргызстана. На ринге боксировали мастера кожаной перчатки старше 35 лет в шести весовых категориях.

Мангистаускую область представили боксёры из Жанаозена, воспитанники тренера Кайрата Ержанова. Боксёры тренируются в школе бокса имени «Erzhanov-Boxing-Club». Из семи представлявших наш регион боксёров четверо завоевали медали.

Победителем и обладателем чемпионского пояса «Король ринга-2022» в весовой категории 81 кг по решению судей стал Марат Утегенов. В финале Марату пришлось противостоять своему земляку жанаозенцу Жарасу Аташову. В знак уважения Марат Утегенов к своему сопернику отдал свой победный пояс Жарасу Аташову.

– Мы с Жарасом тренируемся в одном зале. Всегда к нему обращался с большим уважением. Я и не думал, что мы встретимся в финале. Изначально я отказался от боя и хотел уступить, однако по правилам бокса мы должны были боксировать. В итоге раздельным решением судей победа досталась мне, на ринге у всех на глазах я подарил чемпионский пояс моему сопернику Жарасу, которого я всегда называю старшим братом, – рассказал Марат Утегенов.

Финалист турнира Жарас Аташов отметил, что все изо всех сил проявили характер, показали силу воли, боксировали достойно, это и принесло победу.

– В полуфинале я боксировал с представителем из Караганды. Он ранее три раза подряд выигрывал данный турнир. Вообще все соперники достойные. Хочу выразить слова благодарности своему личному тренеру Кайрату Ержанову, который готовил всех нас на данный турнир. Также благодарю Марата за

подаренный пояс. Я уверен, что это только начало, и в предстоящих соревнованиях у нас будет ещё больше чемпионских поясов во всех шести весовых категориях, – сказал Жарас Аташов, серебряный призёр турнира.

Бронзовыми медалистами в весовой категории 75 кг стал Серик Монтыбаев, а в весе 91 кг Арман Кожагелдиев.

По словам боксёров, таким образом они пропагандируют здоровый образ жизни, подавая пример молодёжи.

Тренер Кайрат Ержанов отметил, что турнир собрал мастеров спорта международного класса, участников чемпионата мира и олимпийских игр, все из которых показали достойный бокс.

– Конечно, нельзя недооценивать соперников. Все показали свои сильные стороны. Это наше первое участие в данном турнире, и нам удалось завоевать четыре медали. Рассчитывали, что одержим победу в двух весовых категориях и станем обладателями двух чемпионских поясов. Но ничего, впереди нас ждут новые победы. Хотелось бы поблагодарить наших спонсоров в лице АО «ОзенМунайГаз», ТОО «Бургылау» и другие компании, - отметил тренер по боксу Кайрат Ержанов.

Следует отметить, что в традиционном турнире, если в прошлом 2021 году свое мастерство на ринге показали 25 ветеранов бокса, то в этом году турнир собрал рекордное количество участников – 45 ветеранов. Бились спортсмены три раунда по две минуты.

ТАЛҒАРДЫҢ
СПОРТТА АЛАР ӨЗ ҮЛЕСІ БАР

ӘРБІР АДАМНЫҢ СПОРТҚА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ОТАНСҮЙГІШТІКТІҢ АЙҚЫН БЕЛГІСІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ӨТКЕН СЕНБІДЕ ТАЛҒАР АУДАНЫ СПОРТЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН ҮЗДІКТЕРДІ МАРАПАТТАУҒА АРНАЛҒАН «БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ АЙҚЫН» АТТЫ СПОРТТЫҚ – ПАТРИОТТЫҚ БАҒЫТТА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ КЕШІ БОЛДЫ. КЕШ ТҰЗДЫБАСТАУ АУЫЛЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ӨТТІ.

Ауқымды іс-шараға Алматы облысы әкімдігі мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының, Талғар ауданының әкімдігі, аудандық бұқаралық спортты дамыту орталығы және де республикалық «Спорт жұлдыздары» журналы, alash_pridefc промоушені, республикалық «Ер намысы» қоғамдық бірлестігі үлкен қолдау көрсетті. Ауданымыздың спорт майталмандары мен ауыл және спорт жанашырлары, спорт мекемелері мен спортшылар қатысқан үлкен ауқымды игі іс-шараға келген құрметті қонақтар саны көп болды. Тұздыбастау ауылының тұрғындары мен ауыл жастары және де аудан халқы бір рухтанып, серпіліс алғандығы байқалды. Атқарылған жұмыстың қорытынды кешінде ауданымыздың абыройын асқақтатып, көк туымызды көкке көтеріп жүрген бүгінгі күн батырлары, ең үздік спортшыларды мараттау салтанатында Талғар ауданы әкімінің орынбасары Ермек Маңғазұлы сөз сөйледі.

– Құрметті спортсүйер қауым! Халық даналығында «тәні саудың – жаны сау» деп тегін айтылмаса керек. Саламатты өмір салтын, дене шынықтыру мен спортты дамыту еліміздегі маңызды міндеттердің бірі. Біздің ауданымызда да бұқаралық спортты дамытуға ерекше мән беріліп, спорт кешендерінің жүйесі кеңейе түсуде. Мектептер мен спорт үйірмелерінде дене шынықтырумен шұғылданушылар саны көбейіп келеді. Бүгінде біздің спортшылар Талғар ауданының спорттық айбынын лайықты түрде қорғауда. Өздерінің белсенділігімен және жоғары нәтижелерімен республикамыздың беделін әлемдік аренада жоғары көтеруге ықпал етуде. Біздің аудан өзінің спорттық тарихымен және өзінің тамаша дәстүрлерімен мақтанады. Өмірімізде ауыз толтырып айтарлық нәтижелермен жеңістерге жеткен түрлі спорттық жарыстардың атақты чемпиондары мен жүлдегерлерінің тұтас тобы тәрбиеленген. Жаттықтырушылар мен спортшылар алдағы уақытта да біздің аудан деңгейін асырып, даңқын шығаратын лайықты спортшыларды тәрбиелеу үшін өздерінің шеберліктері мен күштерін жұмсай береді деп сенемін. Бүгінгі спорттық-патриоттық бағыттағы біздің «Біздің мақсатымыз айқын» атты қорытынды кешімізге қош келдіңіздер! Дендеріңізге саулық тілеймін, қазақ елінің спорт саласындағы жетістіктері мен табыстары арта берсін, – деді Ермек Маңғазұлы.

Әрі қарай сөз кезегі Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаевқа берілді. «Құрметті іс-шараға қатысушылар! Талғар ауданында бүгінгі күні көптеген жетістіктер бар. Өздеріңіз жақсы білесіздер, Талғар ауданында үлкен дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылған болатын. Бүгін ауданымызда төрт спорт мектебі жұмыс істейді. Оның бірі қыстық спорт түрі, велосипед спорт түрлерінен, онымен қоса екі спорт мектебіміз жақсы көрсеткішпен жұмыс істеп жатыр. Тұрсынғали Еділов ағамыздың жарысының ашылу салтанатына қатысқан кезде бұқаралық іс-шараларды өткізу мақсатында Талғардың әкімдігі ұйымдастырған үлкен іс-шараның куәгері болғанбыз. Соның жалғасын тауып, бүгін Тұздбастау ауылында осы ауданымыздан шыққан мықты спортшыларымызға, ардагерлерімізге құрмет көрсетіп, бұл спортшылар тек ауданымызда, облысымызда ғана емес, еліміздің намысын қорғаған. Міне, солардың еңбегін бағалап, үлкен марапаттау кешіне келіп отырмыз. Осы жерде көптеген бапкерлер, спорт саласының қызметкерлері, ардагерлері, басшылары, соларға жанкүйер болып жүрген азаматтар, ата-аналар бар. Баршаңызды осы іс-шараның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Еліміздің намысын қорғайтын мықты спортшылар шыға берсін. Президентіміз осы бұқаралық спортты дамыту мақсатында салауатты өмір салтын ұстанатын халқымыздың санын 50 пайызға дейін жеткізу туралы тапсырма берген болатын. Жасөспірім балалар мен қыздардың спортпен тегін айналысуына үлкен мүмкіндіктер туғызу мақсатында көптеген тапсырмалар берілді. Оның біразы бүгінде орындалып жатыр. Осы Тұздыбастау, Бесағаш Талғардың жан-жағындағы ауылдарда спорт кешенін салуға сұраныс түскен. Бұны біз алдағы уақытта қараймыз», – деді Нұрбақыт Молдахметұлы. Спорттық-патриоттық бағытында еліміздің көптеген өңірлерінде республикалық деңгейде «Ер намысы» қоғамдық бірлестігінің филиалдары ашылып, сол өңірлердегі спорт жанашырлары спортты дамытуға үлкен үлестерін қосып жатыр. Талғар ауданының спорт жанашырлары да басқа өлкелерден шет қалған жоқ.

1. «Спорт ардагері – 2022» номинациясы бойынша 3 жеңімпаз;

2. «Спортқа жанашыр ауыл әкім – 2022» номинациясы 2 жеңімпаз;

3. «Спортқа жанашыр мектеп директоры – 2022» номинациясы 4 жеңімпаз;

4.«Үздік атбегі – 2022» номинациясы бойынша 1 жеңімпаз.

«Спорт ардагері – 2022» номинациясының жеңімпазы – Матан Бекбосынов. Матан ағамыз – грек-рим күресінен Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген жаттықтырушы, Талғар ауданының құрметті азаматы, грек-рим күресінен КСРО спорт шебері, Талғар ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы. Сонымен бірге Ибрагим Хаджимурат Талғар ауданында футболдың негізін қалаушы болып табылады. Тағы бір жеңімпазымыз Михайлов Сергей. Армрестлингтен Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген жаттықтырушы Талғар ауданының негізін қалаушы, Талғар ауданының құрметті азаматы. «Спортқа жанашыр ауыл әкім – 2022» номинациясының жеңімпазы – Нұра ауылдық округінің әкімі Күнгей Данияр. Даниярдың жетекшілігімен Нұра ауылдық округінің спортшылары ірі табыстарға қол жеткізді.

Келесі кезекте сөз Белбұлақ ауылдық округінің әкімі Нұрбол Инақынұлына берілді. Нұрбол Инақынұлы жетекшілігімен Белбұлақ ауылдық округінің тұрғындарының арасында ай сайынғы футболдан, еркін күрестен, бокстан жарыстан ұйымдастырылып отырады. Ауылда бұқаралық спорт қарқынды дамып келеді.

«Спортқа жанашыр мектеп директоры – 2022» номинациясының жеңімпазы - Қоныратов Айдар Боранбекұлы. Аз ғана уақыт ішінде өзі басқарып отырған мектепті ең алдыңғы орынға шығарған. Келесі мектеп директоры Дүйсен Әлия Талғатқызы. Әлия - туған ауылына спорт кешенін салуға ұйытқы болып отырған жанашыр басшы.

Сондай-ақ Қайшыбекова Ажаркүл де марапатталады. Ажаркүл ханым басқарып отырған мектеп спортта жарқын жеңістерімен ерекшеленді. Ал Қазбеков Серік «Үздік атбегі – 2022» номинациясының жеңімпазы атанды. «Үздік жаттықтырушы – 2022» номинациясы бойынша 5 жеңімпаз, «Үздік спортшы – 2022» номинациясы бойынша 5 жеңімпаз марапатталды. Сонымен қатар, спортшылардың жаттықтырушылары да назардан тыс қалған жоқ: Мусаев Наиль Ануарұлы. (шәкірттері дзюдодан Азия чемпионатының жүлдегері), Парадеев Виктор Николаевич (конкурдан Азия чемпионатының жүлдегерін дайындаған бапкер), Тулев Тимур Талғатұлы (волейболдан жасөспірімдер арасында ҚР чемпиондарын және жағажай волейболдан чемпиондарын дайындады), Третьяков Станистав Геннадьевич (велоспорт шосседен ҚР жүлдегерінің бапкері), Храмушина Анна Николаевна (биатлоннан Азия чемпионатының жүлдегерін дайындаған бапкер).

«Үздік спортшы – 2022» номинациясы бойынша Нұртай Жалын - дзюдодан жасөспірімдер арасында Азия чемпионатының жүлдегері. Баталова Ксения – конкурдан жастар арасында Азия чемпионатының жүлдегері. Плужникова Дария, Осипенко Алина – каратеден жасөспірімдер арасында әлем чемпионадары. Ремхе Андрей – велоспорт шосседен жастар арасында ҚР жүлдегері. Ракишева Айша – шаңғы спортынан жастар арасында ҚР чемпионатының жеңімпазы.

1.«Үздік әдіскер – нұсқаушы – 2022» номинациясы бойынша 2 жеңімпаз, 2.«Үздік дене шынықтыру пәнінің мұғалімі – 2022» номинациясы бойынша 7 жеңімпаз марапатталды. №16 мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Нұржан Шәріпұлы да іс-шара туралы ойын бөлісті.

«Біздің мақсатымыз айқын» атты үлкен іс-шара өткіздік. Алматы облысының Талғар ауданындағы спортшыларды марапаттауды жыл есебі ретінде өткіздік. «Ер намысы» қоғамдық ұйымын құрып отырмыз, ол бүкіл спорт федерацияларының үстінен қарайды. Қоғаммен таза жұмыс істеу бағытында, оның сыртында үздік дене шынықтыру мұғалімі, үздік директор деген сияқты марапаттарды өз ортасында спорт саласының дамуына үлес қосып жүрген адамдарға табыстадық», деді дене шынықтыру мұғалімі.

Сонымен қатар Талғар ауданының жанашырлары мен меценаттары да марапатталды. Талғар ауданының «Ер намысы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы – Баяхмет Нұржан, Талғар ауданы жекпе-жек спорт түрлері федерациясының президенті Сасықов Әлішер, Талғар ауданы ұлттық спорт түрлері федерациясының президенті Кәрім Нұрболат, Талғар ауданы ұлттық ат спорты түрлері федерациясының президенті Асхат Майданбекұлы, ауданымыздан жеңіл атлетика түрлері федерациясының президенті Равил Болатжанұлы, Талғар ауданы Қысқы және велоспорт түрлері федерациясының президенті Жақсылық Даулет Мырзатайұлы, спорттық ойын түрлері федерациясының президенті Амангелді Болатбек, «Talgar Champions» футбол клубының президенті Аян Тұрлыбайұлы марапатталды.

Сонымен қатар, Талғар ауданымыздың тумасы Алаштың асыл ел азаматы, республикалық «Ер намысы» қоғамдық бірлестігінің вице-президенті Жандос Аянбек мырза негізін қалаушы болып табылатын, ауданымыздан шыққан Азия және әлем, Олимпиада ойындары жеңімпаздары мен жүлдегерлерінен құралған «TALGAR CHAMPIONS» спорттық-патриоттық футбол командасы құрылып, тегі жазылған жейделерді сыйлыққа берді. Футбол командасы құрамында Тұрлыханов Дәулет Болатұлы, Марат Елеусізұлы, Нұрбақыт Молдахметұлы, Қасқарауов Данияр Алдабергенұлы, Қайдар Әлиханұлы, Ержан Мұратұлы, Александр Викторович, Нұркен Қанатұлы, Жақанша Қорлан, Камалиев Ербол, Жандос Аянбек, Фарида Мамырбекқызы, Сүйіндік Қазболатұлы, Нұржан Шәріпханұлы, Жасұлан Балғабайұлы, Жақанша Бағлан, Амангелді Болатбек, Нұрболат Сатымханұлы, Аян Тұрлыбекұлы, Арман Қалықұлы. Осындай ауқымды жоба облысымыздың әр ауданында жалғасын тауып, жыл соңында облыс орталығы Қонаев қаласында облыстық деңгейде атқарылған жұмыстардың қорытынды кеші өтпек. Осындай ауқымды спорттық-патриоттық жобаның біздің ауданда өтуіне ұйытқы болған жерлестерімізге, атап айтар болсақ, «Спорт жұлдыздары» республикалық журналының шеф-редакторы Жандос Аянбек, аудандық бұқаралық спортты дамыту орталығының директоры Сүйіндік Қазболатов пен аудандық «Ер намысы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Нұржан Баяхметов мырзаларға аудан жұрты атынан алғыс айтамыз.

Кәусар ӘБДІКЕРІМ,
журналист

● **МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ** – *«Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС*

Мәулетхан АҚСАНОВ – Директор
Алмас ӘБДІКЕРІМҰЛЫ – Бас редактор

Мәдина АСЫЛБЕК – Бас редактордың орынбасары
Бек ТӨЛЕУ – жауапты хатшы
Ондасын ЕЛУБАЙ – ШҚО-дағы меншікті тілші
Едіге ОРАЗ – тілші
Әділбек ЫДЫРЫС – менеджер
Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ – есепші

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы
Байланыс тел.: +77023840194
Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.
Тел.: 8/727/3784200, 3784202
• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.
• Хат-хабар үшін: Поштамыздың абоненттік жәшігінің мекенжайы: №2714, 010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Асан қайғы көшесі, 73-үй.
Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Жазылу индексі – 64190
• Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г
• Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.

• Тапсырыс – 1171 • Таралымы – 3085 дана